

Дәрістер кешені

1-тақырып. Инвестицияның және инвестициялық қызметтің түсінігі.

Инвестиция – Қазақстан экономикасының нарықтық экономикаға өтуі кезінде пайда болған жаңа термин. Орталықтандырылған жоспарлау жүйесінің шеңберінде “жалпы капиталдық салынымдар” деген түсінік қолданылатын, осы түсінік бойынша жаңа құрылыс пен қайта өңдеуге, шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындарының кеңеюі мен техникалық қайта қамтамасыздандырылуына (өндірістік капиталдық салымдар), тұрғын үй мен тұрмыстық – мәдени құрылысқа (өндірістік емес капиталдық салымдар) жұмсалатын барлық қаржылық құралдар түсіндірілетін еді.

“Инвестиция” термині латынның *investire* – “жұмылдыру” сөзінен алынған. Инвестициялар ақша құралдары, мақсатты банкілік салымдар, пайлар, акциялар және де басқа да құнды қағаздар, технологиялар, машиналар, қондырғылар, лицензиялар, соның ішінде тауар белгісіне, пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектісіне салынатын интеллектуалды бағалықтар, несиелер, кез келген мүлік немесе мүліктік құқықтар ретінде анықталады және осының бәрі – пайда табу мен әлеуметтік жақсы әсерлерге жету мақсатында. Осы тұрғыдан инвестициялық түсінігі нарықтық тәсілге жақын келеді.

Келтірілген анықтамалар нарықтық және жоспарлық жүйелерде инвестицияның мәнін түсінудегі айырмашылықты көрсетеді. Ресурстардың бөлінуі әкімшілік жүйесі жағдайында меншіктің бір түрімен жүзеге асады, ал инвестицияландыруды қаржылық және басқа түрлері бар екені бәрімізге мәлім. Жоспарлық экономика жағдайында инвестициялар ағымдағы шығындардан тек бір уақыттық сипатымен ғана айрықшаланатын залал түрінде көрінеді. Экономика ғылымы мен тәжірибесі капиталдық салынымдар инвестицияның синонимі емес екенін, берілген терминдер ұқсас емес екенін дәлелдеп отыр. Капиталдық салынымға қарағанда инвестиция түсінігі әлдеқайда кең.

Қазақстан Республикасының “Инвестиция туралы” заңына сәйкес, Инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайту, сондай – ақ концессионердің (құқық мирасқорының) концессия шарты шеңберінде жасаған және алған тіркелген активтері. Инвестиция – бұл ақшаны, оның сақталуына немесе құнының артуына және табыстың оң шамасын қамтамасыз етуге үміт арта отырып, орналастыруға болатын кез келген құрал. Бос ақша құралдары инвестиция болып табылмайды, себебі қолма – қол ақшаның құнын инфляция жеп қоюы мүмкін және ол ешқандай да табыс әкелмейді. Капиталды орналастырудың түрлі факторлармен айрықшаланатын әр түрлі нысандары бар: құнды қағаздар мен жылжымайтын мүлікке; қарыздық міндеттемелерге;

опциондар мен акцияларға; шағын немесе үлкен тәуекелмен; қысқа немесе ұзақ мерзімге; тікелей және жанама.

Инвестициялардың белгілері.

Инвестицияларды мүліктің кез келген түрі деп түсінуге сүйене отырып, инвестициялар ретінде қарастырылуы үшін, ол құндылықтар иеленуге тиіс белгілерді тұжырымдап алған жөн. Инвестициялардың негізгі және айқындаушы белгісі – олардың жеке тұтынуға емес, материалдық немесе рухани игіліктер құруға бағытталуы болып табылады. Бұл белгі кәсіпкерлік нысандарына немесе қызметтің басқа түрлеріне салынатын инвестициялардың мақсатты жұмсалыуынан көрінеді. Мысалы, егер берілетін тауар құрал – жабдық немесе инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты басқадай қажеттіліктерге арналған материалдар болмаса, шетелдік тауар кредиттері инвестициялар санатынан шығарылуға тиіс; бұл жағдай ресми техникалық қызмет немесе біздің елімізге берілетін гранттар шегінде келіп түсетін қаражаттарға да қатысты.

Келесі белгілер инвестициялардың кәсіпкерлік маңызын ашады – олар, негізінен, пайда (табыс) табу мақсатында салынады және оларды инвестор өз атынан және өзі тәуекелге бара отырып жүзеге асырады. Бұл жерде инвестициялық қызмет, кәсіпкерлік қызмет сияқты, дербестігімен, яғни өз бетінше әрекет ететіндігімен және бастамашылығымен сипатталатынын айрықша атап өту қажет, бірақ қызметтің бұл түрлері бір – бірімен сәйкесуі де, сәйкеспейуі де мүмкін; тиісінше инвестордың кәсіпкер мәртебесін иеленуі де, иеленбеуі де мүмкін.

Ендігі жерде, инвестициялардың ерекше белгісі – дәстүрлі жіне үйреншікті түсінігінде қысқа мерзімге арналатыны да болғанмен, біржолғы сипатта еместігі мағынасында олардың ұзақ мерзімді болатыны. Уақыттың белгілі бір ұзақтығы инвестицияларды басқадай қаржы құралдарынан ажыратуға болады.

Инвестициялардың әр түрлі түрлерінің ерекшеліктерін анықтаудың және оларды жіктеудің үлкен теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені олар инвестициялық қатынастарды реттеуге және инвестициялық заңдарды ары қарай жетілдіруге себеп болады. Инвестицияларды бөлудің әртүрлі негіздері бар. Солардың ең кең тарағанына тоқталатын болсақ, олар төмендегідей:

- 1) инвестициялардың түрлері;
- 2) ақша құралдарын салу объектілері;
- 3) инвестицияландыруға қатысу сипаты;
- 4) инвестицияландыру кезеңі;
- 5) меншік түрлері;
- 6) инвестордың қатысу түрлері;

- 7) тәуекел дәрежесі;
- 8) ұдайы өндіріс түрлері;
- 9) субъектілік белгісі бойынша.

1. Инвестициялардың түрлерін былайша топтаймыз:

- ақша құралдары, салымдар, пайлар, акциялар және басқа да құнды қағаздар;
- жылжымайтын және жылжымалы мүлік;
- авторлық құқықпен, тәжірибемен және басқа да интеллектуалды құндылықтармен байланысты мүліктік құқықтар;
- жерді, суды, ресурстарды, үйлерді пайдалану құқығы және басқа да мүліктік құқықтар;
- қандай да бір өндірісті (бірақ патенттелген “ноу-хау” емес) ұйымдастыруға қажетті техникалық құжат, дағды, өндірістік тәжірибе ретінде рәсімделген техникалық, технологиялық, коммерциялық сауаттылық.

2. Құралдардың салыну объектілері бойынша:

- нақты инвестициялар немесе құралдардың материалды активтерге салынуы. Нақты инвестициялар – ол нақты активке салынған инвестициялар немесе материалдық өндіріс саласындағы инвестициялар, өйткені олар ғылыми – техникалық прогрестің дамуына, өндірістің тиімділігін көтеруге, құрал – жабдықтарды ауыстыруға және т.б. мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

- материалды емес активтер – лицензиялардың, патенттердің, тауар белгісінің құны, жарнамаға және кадрларды дайындауға кеткен шығындар;

- қаржылық инвестициялар немесе түрлі қаржылық құралдарға ақша құралдарының салынуы – депозиттер, құнды қағаздар (оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарға, корпорациялық бағалы қағаздарға және т.с.с.), банктік салынымдар.

Басқа әдебиеттерде, инвестициялардың мақсатына байланысты деп 2–ге бөліп қарастырады:

1. Капитал тудырушы инвестициялар – ол материалдық және материалдық емес активтерді көбейтуге немесе оның өсіміне бағытталған инвестициялар. Басқаша айтқанда, бұл олардың дәстүрлі түсінігіндегі инвестициялар, өйткені, әдетте, инвестициялар капитал тудырушы болып табылады, яғни пайда немесе табыс табудың тәсілі немесе құралы ретінде қолданылады.

2. Зияткерлік инвестициялар – ол әртүрлі деңгейдегі мамандарды даярлауға, сондай –ақ олардың біліктілігін көтеруге, ғылыми зерттеулер жүргізуге және т.б. мақсаттарға бағытталған инвестициялар. Мысалы, қазіргі кезде зияткерлік инвестициялардың ең көп тараған түрлері жоғары білім алу үшін берілетін мемлекеттік және жеке кредиттер болып табылады. “Зияткерлік инвестициялар” ұғымын “әлеуметтік инвестициялар” ұғымына дейін кеңейтуге болады, өйткені екі жағдайда да инвестициялар нысаны әлеуметтік сала болып шығады және негізгі мақсат ретінде әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу көзделеді. (бұл кезде бір мезгілде пайда немес табыс табу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды).

3. Инвестициялық процестерге қатысу сипаты бойынша инвестициялар келесі түрлерге бөлінеді:

- тікелей (төте) инвестициялар, бұл кезде инвестицияландыру және ақша құралдарын салу объектісін таңдауда инвестордың тікелей қатысуы қажет етіледі. Сонымен қатар инвестор инвестициялық циклдердің барлық кезеңдеріне тартылады, оның ішінде алдын ала жүретін инвестициялық зерттеулерге, инвестицияландыру объектілерін жобалау мен тұрғызуға, дайын өнім өндірісіне. Халықаралық валюта қорының анықтамасы бойынша, егер акционерлік қоғамның жарғылық капиталының кем дегенде 25%-ы шетел инвестордың меншігінде болса, онда шетелдік инвестициялар төте инвестициялар болып саналады. АҚШ, РФ заңдары бойынша жарғылық капиталдың шетелдік инвесторға тиесілі мөлшері 10% - дан кем емес, ЕО елдерінде – 20 - 25%, Канада, Австралия және Жаңа Зеландия елдерінің заңымен - 50%.

- жанама (қоржындық), бұл ақша құралдарын өз қалауынша, неғұрлым тиімді орналастыратын және аккумуляцияландыратын түрлі қаржылық делдалдар арқылы (инвестициялық қорлар және компаниялар) жүзеге асырады. Мұндай делдалдар инвестицияландыру объектілерін басқаруға қатысады, ал алатын табыстарын клиенттері арасында бөледі. Тұтас басқарылатын құнды қағаздарға салынатын салынымдарды портфельдік деп те атайды.

4. Инвестицияландырудың кезеңдері бойынша инвестицияларды мынадай 3 түрге бөлуге болады. Олар:

- қысқа мерзімді, ұзақтығы бір жылдан аспайды (қысқа мерзімді депозиттік салымдар, жинақ сертификаттар);

- орташа мерзімді 1 жылдан 5 жылға дейін;

- ұзақ мерзімді 5 жылдан астам.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар әрекет ету мерзімі бойынша 1 жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді, 1 жылдан 10 жылға дейінгісі орташа мерзімді, ал 10 жылдан астамы ұзақ мерзімді деп сараланады.

5. Меншік түрлері бойынша инвестициялар мыналарға бөлінеді:

- азаматтардың, мемлекеттік емес меншік нысанындағы кәсіпорындардың, өкіметтік емес ұйымдардың жеке ақша құралдары;
- мемлекеттік (бюджеттік), ол түрлі деңгейдегі кәсіпорындар мен мекемелердің бюджет көздерінен қаржыландырылады.

Мемлекеттік инвестициялардың жеке инвестициялардан айырмашылығы мынада: 1) мемлекеттік инвестициялар көздері бюджеттік қаражат болып табылады; 2) мемлекеттік инвестициялар қайтарымдық және ақылы түрде жүзеге асырылады; 3) мемлекеттік инвестициялароларды берудің негіздемесін және тәртібін мемлекет белгілейтіндігімен сипатталады; 4) мемлекеттік инвестициялардың көлемі мен мөлшері мемлекеттік бюджеттің бекітілуіне байланысты; 5) мемлекеттік инвестициялардың мақсатты пайдаланылуына мемлекет бақылау жасайды; 6) мемлекеттік инвестициялар мемлекеттік қазына мүлкімен қамтамасыз етіледі. Ал, жеке инвестициялардың басты ерекшеліктері мынада: инвестициялардың көздерін, олардың көлемдері мен мөлшерлерін инвестордың өзі белгілейді, ал мемлекет инвестордың құқықтарын мүмкін болатын қолсұғушылықтан, оның ішінде мемлекеттік органдардың да қол сұғуынан қорғауды қамтамасыз етеді.

6. Инвестордың қатысу түріне байланысты:

- қайта құрылып жатқан кәсіпорындарға жартылай қатысу немесе шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындардың бір бөлігін иелену (шектеулі меншік қоғамына үлестік қатынас);
- инвестор толық иеленетін кәсіпорындарды құру немесе шаруашылық жүргізіп жатқан кәсіпорындарды өз меншігіне алу;
- жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті акция, облигациялар арқылы немесе басқа да құнды қағаздар түріне алу;
- табиғат ресурстарын пайдалануға, жерді пайдалану құқығына, басқа да мүліктік құқықтарға концессия алу.

7. Тәуекел дәрежесі бойынша:

- тәуекелі аз инвестициялар. Ол белгілі бір табыс табу мүмкіндігінің жоғары дәрежесін негізге ала отырып, қауіпсіз деп танылған инвестициялар, алайда өзінің айрықша кепілділігіне байланысты, инвестициялардың басқа түрлерімен салыстырғанда, олардың табыстылығы төмен (дамыған елдерде бұл – мемлекеттік бағалы қағаздарға, жетекші және беделді компаниялардың акцияларына салынған салымдар).

- тәуекелі жоғары инвестициялар. Ол белгілі бір табыс табу мүмкіндігінің төмен дәрежесін негізге ала отырып, алыпсатарлық деп танылған инвестициялар. Инвестициялау және алыпсатарлық – бұл, жалпы алғанда,

инвестициялық қызметке деген бір– біріне қарама– қайшы екі кереғар түсінік. Халықаралық тәжірибеде олардың арасын ажырату инвестициялық табыстың қаншалықты жорамалды және күтілетін нәтижесіне байланысты болады: инвестициялау барысында сатып алынып жатқан бағалы қағаздардың құны орнықты болып қала береді және олар табыс әкеледі деген толық сенімділік сақталады, ал алып сатарлықта мұндай сенімділік жоқ. Алыпсатарлық инвестицияларды жүзеге асыру барысында тәуекелдік жоғары болып тұрғанда, көбірек табыс табу да көзделеді.

Инвестициялармен байланысты тәуекел немесе белгісіздік дәрежесі, мысалы, уақыт, салыным объектісі сияқты факторларға тәуелді. Инвестицияландыру аяқталғаннан кейінгі кәсіпорынның жұмыс істеу нәтижесінің өзгеруі инвестицияландырудың мерзіміне және жобаның масштабы мен оның мақсаттарына тәуелді, сондықтан қауіптіліктің дәрежесі нарықтың мүмкін болатын әрекетін шеше алмау болып табылады (жаңа өнім түрін құру, өндіріс шығындарын төмендету, сату көлемін кеңейту, мемлекеттік тапсырыстарды орындау және т.б.). Дәрежені бағалау критерийлері мыналар болуы мүмкін:

- барлық пайда сомасын жоғалту мүмкіндігі. Тәуекелдің орын алуы мүмкін;

- жоба іске асқаннан кейін пайданы ғана емес, жалпы есептемелік табысты жоғалту мүмкіндігі. Тәуекел дағдарысты болып табылады;

- барлық активтерді жоғалту мүмкіндігі және инвестордың банкротқа ұшырауы немесе апаттық тәуекел.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, егер бағалы қағаздардың қазақстандық нарығы туралы айтсақ, онда қазақстандық кәсіпорындардың бағалы қағаздарына инвестициялар салудың жеткілікті дәрежеде тәуекелді іс екені аңғарылады. Біздің еліміздің азаматтарының отандық қаржы және экономика институттарына деген орнығып қалған сенімсіздігін жою үшін, көп жылдар бойы адалдықпен тер төгіп, қызмет ету керек.

Әлемдік тәжірибеде ғылыми –техникалық зерттеулерге, жаңалық ашуға жіне өнертабыстарға кредит беруге және қаржыландыруға байланысты венчурлік операциялар аса тәуекелді болып саналады. Тәуекелдіктің жоғары дәрежесіне қарамастан, венчурлік бизнес шетелдік мемлекеттерде ,ғылым мен техниканың дамуына септігін тигізеді, бірақ бұл, негізінен, іргелі ғылымның емес, қолданбалы ғылымның дамуын қамтамасыз ететінін айта кету керек.

8. Ұдайы өндіріс инвестицияның келесі түрлерінің бірінде жүзеге асуы мүмкін:

- жаңа алаңдарда және бастапқыда бекітілген жоба бойынша іске асып жатқан жаңа құрылыстар немесе кәсіпорындардың, ғимараттардың салынуы;

- шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындардың кеңеюі – өндіріс қуаттылығын арттыру мақсатымен шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындардың екінші және келесі кезектерін, қосымша өндіріс кешендерін және өндірістерді, жаңа кәсіпорындарды салу немесе қызмет етіп жүрген кәсіпорындарды кеңейту;

- шаруашылық жүргізіп жүрген кәсіпорынды қайта құру – моральды тұрып қалған және физикалық жағынан тозған қондырғыларды ауыстыру арқылы жаңа өнімнің шығарылуының профилін өзгерту мақсатымен өндірісті толық немесе жартылай қайта жабдықтауды ортақ жоба бойынша жүзеге асыру;

- техникалық қайта қамтамасыздандыру – жекелеген цехтардың, өндірістердің, учаскелердің өндірісінің техникалық – экономикалық деңгейлерін арттыруға бағытталған шара кешендерін жүргізу.

9. Субъектілік белгісі бойынша инвестиция 2 түрге бөлінеді:

- шетелдік;

- ұлттық.

Шетелдік және ұлттық инвестицияларға бөлудің жалпыға ортақ белгісі болып мынадай ұстаным танылады: инвестициялар инвестордың елінде немесе басқс бір елде жүзеге асырылады. Екеуінің айырмашылығы олардың құқықтық мәртебесінде. Мысалы: мемлекет жаңа инвестициялық заң қабылдаса, шетелдік инвесторлардың келісімдерінің мерзімі аяқталғанға дейін, олардағы шарттар және қарастырылған жеңілдіктер мен артықшылықтар өзгеріссіз қала береді. Ал, ұлттық инвесторлардікі өзгереді.

Инвестицияның ұсынылған жіктелуі қазіргі заманның инвестициялық жобалау концепцияларын толығырақ түсіну үшін, жүріп жатқан процестерді жан – жақты бағалау үшін қажет. Бұл жерде құқықтық жағынан да аса маңызды болып есептеледі. Оларды айқын заңдық түрде орнықтыру және икемді қолдану республикада қолайлы инвестициялық жағдайды орнатуға және жүріп жатқан инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыруға септігін тигізетіні анық.

2-тақырып. Инвестициялық құқық - құқық жүйесінде.

Инвестициялық құқықтың құқықтық реттелу пәні инвестициялық әрекетті жүзеге асыру кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастар. Инвестициялар – бұл инвестициялық құқықта оларды пайдаланумен байланысты барлық қоғамдық қатынастарды біріктіретін бастама.

Инвестициялық әрекетті жүзеге асыру кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар түрлі болып келеді – бұл Қазақстан Республикасындағы инвестициялармен және шетелдегі инвестициялармен байланысты болатын қатынастар; займ, несие берумен байланысты қатынастар; еркін экономикалық

аумақтардағы инвестициялармен абйланысты қатынастар және т.с.с. Жекеленген топтар мемлекеттік инвестцияларды жүзеге асыру кезінде пайда болатын және құнды қағаздар нарығында туындайтын қатынастарды құрайды.

Әдетте, құқықтық реттелудің екі негізгі әдістері бар – жалпы және нақты (салалық). Жалпы әдіс – бұл қоғамдық қатынастарға арнаулы нормативті құралдармен ықпал етудің жиынтығы, салалық – бұл берілген саламен реттелетін құқықтық қатынас субъектілерінің мүмкін және міндетті мінез – құлқының қалыптасуына бағытталған, қоғамдық қатынастарға ететін заңда әдістердің, құралдар мен амалдардың жиынтығы. Салалық әдістерге императивті және деспозитивті әдістер жатады.

Инвестициялық құқықтың маңызды қағидаларының бірі – инвестициялық құқық субъектілерінің теңдігі. Бұл қағида мынаны білдіреді: инвестициялық әрекетті жүзеге асыруда инвесторлардың құқықтары бірдей болады. Келесі қағидалардың бірі шарттың еркіндігі. Тағы бір маңызды қағиданың бірі – инвестормен өзінің әрекетін жүзеге асырудың дербестігі, яғни инвестор инвестицияның объектілері мен нәтижесіне ие болуға, оны пайдалануға және боған билік етуге құқықты, сондай-ақ инвестордың ішкі шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың араласпауын білдіреді. Инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қағидасы – инвесторларды, кірістіреді, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша мемлекеттің кепілдігін білдірреді.

Инвестициялық құқық жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады.

Жалпы бөлімде келесі құқықтық институттар берілген: инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу, инвестициялық құқықтық қатынастар (субъектілер, объектілер және мазмұны); инвестициялық қорғау (кепілдіктер); инвестициялық шарт (түсінігі, бекіту тәртібі, шартты өзгерту және бұзу); инвестициялық қызметті ұйымдастырудың құқықтық нысандары.

Инвестицияның ерекше бөлімінде инвестициялық қызметтің түсінігі мен түрлері; инвестициялық қызметті лицензиялау; инвестициялық қызмет аумағындағы салық салу; инвестицияларды басқару; инвестиция аумағындағы несиелендіру; инвестициялық жоба; инвестициялық жобалардың мемлекеттік сараптама; инвестициялық тәуекелді сақтандыру; инвестицияның жеке түрлері; инвестициялық шарттардың түрлері; инвестициялық қызметаумағындағы міндеттемелер; инвестициялық дауларды шешу; инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік көрсетілген.

Инвестициялық қатынастарды мемлекет реттей отырып, инвестициялық әрекет субъектілеріне ықпал ету нысандары мен әдістерін қолданады. Мемлекет инвестициялық қатынастарды арнаулы мемлекеттік органдар арқылы басқарады.

Жалпы алғанда, шетелдік инвестициялық қызметті реттеудің 3 түрі бар. Олар:

- 1) Халықаралық – құқықтық реттеу;
- 2) Аймақтық реттеу;
- 3) Ұлттық – құқықтық (мемлекеттік) реттеу.

Инвестициялық мемлекеттік реттеудің екі құрамдас бөлігі белгіленген:

- тікелей мемлекеттік реттеу – мемлекеттік инвестиция аумағында; кенді пайдалану аумағында; мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру аумағында; қаржылық және несие саясатын жүргізу аумағында, сондай-ақ салық саясатын жүргізу аумағында жүзеге асырылады.

- Инвестициялық процестерді жанама реттеу, яғни мемлекетпен инвесторлардың құқықтарының кепілдігін, мемлекетпен қамтамасыз етуді, сондай-ақ инвестицияны қолдануды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының инвестициялық қызметті құқықтық реттеуді 1994 жылы желтоқсанның 27 – інде “Шетелдік инвестициялар туралы” заңының қабылдануымен басталды деп айтуға толық негіз бар. Бұл заң ұлттық режимнен және шетелдік инвесторларға аса қолайлы режимге рұқсат етуді қамтитын нормалардан; шетелдік инвесторларға берілетін (заңды өзгертуге, экспроприацияға (мемлекеттің жылжытын немесе жылжымайтын мүліктен күштеп айыруы), мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттеріне және т.б.) кепілдіктердің тұтастай бір кешенінен, сондай – ақ экономиканың басым секторларында және әлеуметтік салада шетелдік инвестициялар үшін қосымша жеңілдіктер белгілеу мүмкіндігінен тұрады (4–13 – баптар).

XX ғасырдың 90 жылдарының аяғында ТМД елдерінде инвестициялық саясатты қайта ойластыру үдерісі, яғни қайта құру басталды: “кез келген әдіспен шетелдік инвестицияларды тарту” ұстанымынан шетелдік инвестицияларды таңдамалы қолдау – тек қана тура шетелдік инвестициялар (немесе капитал салымдары түріндегі инвестициялар) ұстанымына көшу мақұлданды, оған қоса бірқатар жағдайларда тура инвестицияларды экономиканың жекелеген (басым) секторларына тарту көзделген.

1997 жылы ақпанның 28–інде Қазақстан Республикасы “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы ” заң қабылдап, онда мынандай: жаңа технологияларды, озық техниканы және ноу – хау енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен толтыру; отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру; экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірісті дамыту; жаңа жұмыс орындарын құру; қоршаған табиғат ортасын жақсарту т.б. негізгі міндеттер айқындалды. Сонымен қатар осы заңның 5 – тарауы тікелей инвестицияларды мемлекеттік

қолдауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган туралы айтылған. Онда комитеттің құрылымы, негізгі қызметі, өкілеттілігі анықталған (14–16 баптар).

Комитеттің негізгі қызметі мыналар болып табылады:

- 1) ҚР – на тікелей инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 2) ҚР – сы мемлекеттік органдарының бекітілген инвесторлар жүзеге асыратын инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 3) әрбір инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті құқықтар мен өкілеттіктер беретін барлық келісу және рұқсат ету құжаттарын, лицензияларды, визаларды және басқа да құжаттарды алуды қамтамасыз ету;
- 4) бекітілген инвесторларға ҚР – да білікті қызметкерлерді, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді іздестіруде жәрдем көрсету;
- 5) бекітілген инвесторлардың өздеріне алған міндеттемелерін атқаруына бақылауды қоса алғанда, инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру.

Комитеттің өкілеттігі. Комитеттің өз қызметін жүзеге асыру үшін:

- 1) инвесторлардан, орталық және жергілікті атқарушы органдардан барлық қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;
- 2) келісім – шартқа сараптама жүргізу және оны әзірлеу үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, ҚР – ы мен басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары қатарынан кеңесшілер, консультанттар мен сарапшылар тартуға;
- 3) ҚР – да жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдің қатысуын ынталандыру мақсатымен ҚР – ның орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссиялары қызметін үйлестіруге;
- 4) келісім – шарттарды әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың міндетті орындауы үшін қаулылар шығаруға құқығы бар. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық жергілікті атқарушы органдардың инвестициялық қызметті шектеуге байланысты мәселелер жөніндегі актілері міндетті түрде Комитетпен келісілуге тиіс.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңның маңыздылығы мынада: ҚР инвестициялық заңы өз дамуында сапалы жаңа деңгейге өтті, өйткені тікелей инвестициялар туралы заң қабылданғанға дейін мемлекеттің инвестициялық саясаты шетелдік инвестицияларды көбейтуге және аса қолайлы дегеннен де артық құқықтық режим орнатуға бағытталған еді. Ақыр соңында, шетелдік инвестициялардың, негізінен, жер қойнауын пайдалануға ғана салынғанына байланысты, олардың тиімділігі өте аз болды және ел экономикасының өркендеуіне айтарлықтай әсерін тигізбеді, оның үстіне шетелдік инвесторлардың тек жер қойнауларында өктемдік жүргізуді күшейтуіне әкеліп соқтырды. Нәтижесінде, тікелей инвестициялар туралы заң қабылдаумен қатар, шетелдік инвестициялар туралы заң мәтініне айтарлықтай өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Оған негіз болған себептердің ішінде сол кездерде ұлттық инвесторлардың үкіметтік кепілдікпен шетелдік инвесторлармен жасаған шарттары бойынша қазақстандық тараптың шарт міндеттемелерін бұзуы себепті мемлекетке түскен көптеген миллион шығындардың орын алғанын атауға болады.

ҚР – ы 2003 жылы қаңтардың 8 – інде “Инвестиция туралы” заң қабылдады. Осы заң Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді, инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді. Осы заңның 21–1–бабына сәйкес келісім – шарт талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган мынадай нысандарда:

1) камералдық бақылау - уәкілетті орган осы баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, оның ішінде, жұмыс бағдарламасын және келісім-шарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарау арқылы жүзеге асырады.

2. Келісім-шарт жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының келісім – шарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті органға:

1) жұмыс бағдарламасы қолданыста болған кезде статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша:

жиырма бесінші маусымнан кешіктірмей жұмыс бағдарламасын орындау туралы аралық есепті;

жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтердің таратып көрсетілген түсіндірілімімен бірге жұмыс бағдарламасын орындау туралы жылдық есепті;

2) тіркелген активтер пайдаланылуға берілгеннен кейін бір айдың ішінде тіркелген активтердің пайдаланылуға берілгенін растайтын құжатты;

3) жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі өткеннен кейін бір ай ішінде аудиторлық есеппен расталған:

жұмыс бағдарламасын орындау туралы есепті;

инвестициялық қызметтің нәтижелері бойынша кірістер мен шығыстар туралы есепті;

жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтердің таратып көрсетілген түсіндірілімін табыс етеді.

Аудиторлық есеп жұмыс бағдарламасының бүкіл қолданыс кезеңіндегі қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдауды қамтуға тиіс.

3. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жылына бір рет енгізіле алады.

4. Инвестициялық қызмет объектілеріне бара отырып тексеру уәкілетті органның шешімі негізінде жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстар аяқталған мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде жүргізіледі.

Инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып кезектен тыс тексеру уәкілетті органның шешімі бойынша:

1) камералдық бақылау нәтижелері бойынша келісім-шарт талаптарының бұзылуы айқындалған жағдайларда;

2) құқық қорғау органдарының өтініші бойынша жүргізіледі.

Бұл заң шетелдік және ұлттық инвесторлар арасындағы айырмашылықты жойды және инвесторлардың инвестициялық қызмет әсерлер де жоқ емес. Атап айтқанда, ҚР – ның инвестициялар туралы заңында шетелдік инвесторларына қатысты бұрын белгіленген кепілдіктермен салыстырғанда, кепілдіктер тізбесі екі есе кеміген, ал олардың кейбіреулері, мысалы, заңды өзгертуге кепілдіктер елеулі өзгеріске ұшыраған – заң түсініктемесіне негізделіп, келісімдер талаптарының тұрақтылығы ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және адамгершілікті қамтамасыз ету мақсатында енгізілген заң актілеріне таратылмаған.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заңда ҚР ұлттық мүдделерін қорғау, оның ішінде өнеркәсіптік әлеуетті сақтау және нығайту мақсатында мемлекет шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдардың немесе шетелдіктердің қатысуы бар ұйымдардың басқаруындағы және меншігіндегі нысандарының жай – күйіне және пайдаланылуына бақылай жасау белгіленген. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікке залал келтіретін немесе ҚР мемлекеттік тәуелсіздігін жоюға және

ҚР егемендік құқықтарын тарылтуға жеткізетін халықаралық шарттар жасауға жол берілмейтіні көзделген.

ҚР – ы экономиканың стратегиялық салаларына салынып жатқан шетелдік инвестицияларды зерттеп – білуге әрекет жасады. “Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікке мемлекеттік мониторинг жариялау” заңына сәйкес, ондай салаларға төмендегілер: отын – энергетикалық пайдалы қазбаларды (көмір, мұнай, газ, уран және металл рудалары) өндіру және өңдеу; машина жасау, химия өнеркәсібі, көлік және байланыс, электр энергиясын өндіру мен тарату, сонымен қатар әскери – өнеркәсіптік мақсаттағы өнім өндіретін салалар жатқызылады.

Ары қарай, реттеу саласын инвестициялық қатынастар құрайтын кешенді сипаттағы заң актілерінің арасынан “Қазақстанның инвестициялық қоры туралы” заңын айта кетуге болады. Осы заң Қазақстанның инвестициялық қоры қызметінің мәселелерін реттейді, оның мақсаттарын, міндеттерін, инвестициялық саясаттың бағыттарын, оның мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл ерекшеліктерін айқындайды. Қор қызметінің мақсаты перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізаттық емес секторында жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық – инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады. Қордың инвестициялық қызметі – ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестиция салуды, инвестициялық жобалар бойынша ақпарат жинау мен өңдеуді, маркетингтік, инжинирингтік және өзге де зерттеулерді, жоспарлы-болжамдық және жобалау – сметалық құжаттаманы қамтамасыз етуге қатысуды, сондай-ақ инвестицияларға бақылау ұйымдастыруды қамтитын, Қордың инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қызметі. Қор қызметінің мақсаты перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізаттық емес секторында жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық – инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Қордың міндеттері:

1) шикізат пен материалдарды тереңдеп өңдеуді жүргізетін, жаңа технологияларды пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын, сондай-ақ өз қызметін өнеркәсіпте жүзеге асыратын перспективалы ұйымдарға өндірістік қызметтер көрсететін жаңадан құрылып жатқан, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру;

2) Қордың инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыруы (ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру) және

осы жобаларды басқаруға қатысуы арқылы экономиканың шикізаттық емес секторына жеке инвестицияларды ынталандыру;

3) отандық және шетелдік ұйымдар арасындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ететін, толықтырушы, аралас өндірістерді дамытатын Қазақстан Республикасынан тыс жердегі инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру арқылы шет елдердегі қазақстандық ұйымдардың инвестициялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

Қордың өкілеттіктеріне:

1) Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес инвестициялық саясатты жүзеге асыру;

2) шикізат пен материалдарды тереңдетіп өндеуді жүргізетін, жаңа технологияларды пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жұмыс істеп тұрған перспективалық ұйымдарды инвестициялауды жүзеге асыру не осы ұйымдарға үшінші тұлғалардың инвестицияларын тарту үшін іріктеуді жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының тиісті басымдықтарына сәйкес келетін, отандық және шетелдік инвесторлар қатысатын инвестициялық жобаларды іске асыруды ұйымдастырушы және оларға қатысушы болу;

4) филиалдар мен өкілдіктер құру;

5) инвестициялық жобалар жөніндегі құжаттамалар дайындауға шарт негізінде қатысу;

6) қайта инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;

7) уақытша бос ақшаны орналастыру;

8) басқа отандық инвесторлармен бірлесіп, Қордың шет елде жүзеге асыратын инвестициялық жобаларының орындалуын бақылаудың бірлескен нысандарына қатысушы болу;

9) өз міндеттерін іске асыру үшін сарапшылар мен консультацияларды шарт негізінде тарту;

10) өзінің инвестициялық портфелін дербес басқару;

11) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде тиісті лицензияның негізінде дилерлік қызметті ғана жүзеге асыру жатады.

Қазақстан Республикасында ең алғаш рет «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2003 жылы 7 – шілдеде қабылданған болатын. Қазақстанның инвестициялық қорының (ҚИҚ) мақсаты Қазақстанда да, шет елдерде кәсіпорындардың жарғылық капиталына үлестік және бақылаусыз қатысу арқылы жеке сектордың экономиканың шикізаттық емес секторындағы бастамаларына қаржылай қолдау көрсету болып табылады. Инвестициялық қордың инвестициялық қызметі осы қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының кірістер алуы және мұндай инвестициялау кезінде қауіптің азайтылуын қамтамасыз ету мақсатында акционерлік инвестициялық қор тиісті лицензиясы болған кезде дербес немесе қорды басқарушы компанияның қор активтерін инвестициялауынан тұрады.

ҚИҚ құру қажеттілігі қор рыногының дамымауымен, отандық компаниялардың капиталдану төмендігіне, отандық рынокта өңдеуші өнеркәсіпке келіп түсетін инвестиция ағымына ықпал ететін барабар нарықтық тетіктердің болмауымен байланысты болып отыр. Банктермен және басқа да қаржы агенттерімен ҚИҚ әріптестігі жаңа өндіріс пен қаржы рыногының дамуы үшін белсенді серпіліс болады. Бұл ҚИҚ – қа жаңа өндірістер, оның ішінде жоғары технологиялы өндірістер құруда ғана емес, сондай – ақ бағалы қағаздар рыногын дамытуда да ықпал ету мүмкіндігін береді. ҚИҚ Қазақстанның Даму Банкімен тығыз қарым - қатынаста жұмыс істеуі тиіс. Бұл екі институт банк желісі бойынша жобаларды қаржыландыру және капиталды бастапқы орналастыру бағытында бірін – бірі толықтыруы тиіс. Осы заң:

1) акционерлік инвестициялық қорлардың құқықтық жағдайының және қызмет етуінің ерекшеліктеріне байланысты;

2) инвестициялық пай қорларын құру, олардың жұмыс істеуі және жұмыс істеуін тоқтату процесінде туындайтын;

3) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлік басқару, оларды есепке алу мен сақтау, сондай – ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналысқа жіберуді, сатып алуды және өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне байланысты құқықтық қатынастарды реттейді. Осы заң, басқарушы компанияларды қоспағанда, қызметі Қазақстан Республикасының басқа заң актілерімен реттелетін өзге тұлғалар жүзеге асыратын мүлкті сенімгерлік басқару жөніндегі қатынастарға және дауыс беретін акцияларының елу проценттен астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ұйымдарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасында инвестициялық қорлардың мынадай түрлері:

1) акционерлік инвестициялық қор;

2) ашық, аралық немесе жабық нысандарда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қоры жұмыс істейді.

Жылжымайтын мүлік қоры оның акцияларын ұстаушысына жылына кемінде бір рет акциялар бойынша дивидендтер алуға құқық береді. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін ақшаның ең аз мөлшері қордың таза кірісінің кемінде тоқсан процентін құрауға тиіс.

Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол екі аптада бір реттен кем болмауға тиіс.

Инвестициялық аралық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол жылына бір реттен кем болмауға тиіс.

Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, сондай-ақ қор ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен пай бойынша дивидендтер алуға құқық береді.

Егер осы Заңда және қордың ережелерінде өзгеше көзделмесе, жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушысы басқарушы компаниядан өзіне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы емес.

Акционерлік немесе жабық инвестициялық пай қорлары ғана тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлар бола алады. Жылжымайтын мүлік қоры тәуекелмен инвестицияланатын қорлар бола алмайды.

Инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы болған кезде акционерлік инвестициялық қор өз активтерін басқаруды жүзеге асыруға құқылы.

Өз активтерін дербес басқаруды жүзеге асыратын акционерлік инвестициялық қор өзге тұлғалардың активтерін басқаруды жүзеге асыруға құқылы емес.

Инвестициялық қордың инвестициялық қызметі осы қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының кірістер алуы және мұндай инвестициялау кезінде қауіптің азайтылуын қамтамасыз ету мақсатында акционерлік инвестициялық қор тиісті лицензиясы болған кезде дербес немесе қорды басқарушы компанияның қор активтерін инвестициялауынан тұрады.

Бұл заң инвестициялық пай қорының, акционерлік инвестициялық қордың барлық мәселерін қамтып өткен.

Бұл заң 13 ақпан 2009 жылы заңдық күшін жойып, бірақ осы заң қарастыратын мәселелер «Самұрық – Қазына» қорына ауыстырылатын болды.

Ендігі жерде инвестициялық құқықты реттейтін заңдарға қысқаша тоқталсақ, оларға: ҚР Үкіметінің 2003 жыл мамырдың 3 – індегі “Қазақстан Республикасының “Инвестициялар туралы” заңын жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы” қаулысын; ҚР Үкіметінің 2003 жыл мамырдың 30 – ындағы “Қазақстанның инвестициялық қоры” акционерлік қоғамын құру туралы қаулысын, 2004 жыл қаңтардың 22 – індегі “Инвестициялық компания: Қазақстанның инвестициялық қоры”, “Қазақстанның Даму банкі”, “Ұлттық иновациялық қор” акционерлік қоғамын құру туралы” қаулысын; ҚР Үкіметінің 2005 жыл мамырдың 24 – індегі “Мемлекеттік кепілдікпен 2005 жылға мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын

инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы” қаулысын; ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының “Инвестициялық артықшылықтарды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыру келісімдерінің талаптарын сақтауға мониторинг және бақылауды орындау ережелерін бекіту туралы” 2005 жыл тамыздың 9 – ындағы бұйрығын және т.б. актілерді жатқызуға болады.

3-тақырып. Инвестициялық құқықтық нормалардың және қатынастардың түсінігі және ерекшеліктері.

Инвестициялық қатынастар инвестициялық процесс барысында нарықтық экономиканың шартына байланысты қаражат иелерінің арасындағы қатынас. Инвестициялаудың шарты- құқықтық тұрғыдан инвестициялық процесте меншік иелерінің және меншіктің формасы мен түрлерінің, инвестициялық қатынастың ұлттық субъектісі және шетелдік субъектілерінің арасында өзара құқықтық алғышарттарды қалыптастыру.

Сондықтан инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу ұлттық құқықтық реттеуді және халықаралық құқықтық реттеуді қамтиды. Инвестициялық құқық инвестициялық қатынастарды меншік қатынастары сияқты халықаралық және ұлттық құқықта реттеледі.

Инвестициялаудың шарттары, кепілдіктері мемлекеттік билікпен немесе ұлттық құқықта немесе халықаралық құқықта екі жақты немесе көпжақты тәртіпте анықтауға болады [5]. Жеке құқықтық реттеу инвестициялық қатынастың субъектілерінің ұйымдастырушы - құқықтық формаларын анықтаудан тұрады. Жария құқықтық реттеуде инвестициялық қатынастың субъектісі құқықтық кепілдіктерімен, қорғаумен қамтамасыз ететін мемлекет билігінің қарамағында болады.

Жеке құқықтық реттеуде инвестициялық барысында тең мәртебеге ие субъектілер арасындағы қатынас “тікелей” бақыланады.

Инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу екі бөлімнен тұрады:

1. Ұлттық-құқықтық. (Жария және жеке құқықтық)
2. Халықаралық-құқықтық. (Жария және жеке құқықтық)

Инвестициялық саясатты жүзеге асыру және инвестициялық процесті ынталандырудың құқықтық реттеу мәні: Еңбек нарығында қалыпты бәсеке жағдайын, инвесторлардың кепілдіктері мен қалыпты жағдайын қалыптастыруды айтамыз. Инвестициялаудың ұйымдастырушы - құқықтық формасын бекіту. Субъектілердің құқықтық мәртебесін және

біріккен немесе аралас кәсіпорындардың, шетел кәсіпорындарының инвестициялауын анықтауы.

Инвестициялық қатынастар еліміздің экономикасын дамытудың қоғамға маңызды және қажетті болып табылады. Сондықтан қоғам мүддесіне қол жеткізуге жария құқықтың нормасымен реттелуі қажет. Құқықтық қатынастардың басқарушылық-бағыныштылық сипатта болуы-вертикалдық қатынастар.

Меншік және инвестициялық қызмет туралы заң нормалары жария-құқықтық императивтік сипатта болады. Сол мезгілде инвестициялық қатынастар нарықтық экономика саласында жеке және нақты меншік иелерімен қатынаста бірдей және кепілді жағдайына жататын мүдделерді реализациялауды көрсетеді. Демек, горизонталдық қатынасқа мемлекеттің жүріс-тұрыс ережелерінде белгіленген автономиялық ерікі сипатталады. Яғни мемлекет және билік инвестициялық процестің қатысушыларының жалпыға міндетті нормаларының кіріспесінен кейін қызметтің құқықтық және кепілді жағдайларды шектеу немесе дамыту үшін қоғамға маңызды, қажетті инвестициялық қатынастары ұйымдастырылады.

Диогоналдық құқықтық қатынастар-мәртебесіне байланысты әртүрлі субъектілер арасындағы қатынас. Құқық теориясында жақында мәртебесі бірдей деңгейдегі субъектілердің арасындағы дұрыс қатынас-вертикалдық және горизонталдық қатынас деп танылды. Диагоналды қатынас мына қатынастарға қарағанда аномалдық немесе төтенше болып саналады.

Инвестиция дегеніміздің өзі- жеке немесе мемлекеттік ұлттық инвестициялар немесе шетелдік капиталды экономиканың әртүрлі салаларына пайда табу мақсатында салу. Мақсаты инвестициялаудың болашақтағы еліміздің мұқтаждықтарын қаржыландыру үшін пайдалану [6].

Инвестициялардың қатарына:

1. Мүліктік қазыналар және оларға құқықтар.
2. Кәсіптік қызмет объектілеріне салынатын интеллектуалдық меншік құқының барлық түрлері. Инвестициялауға байланысты қызметте бірлескен және шетелдік кәсіпорындарды, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалар филиалдарын құру, бақылау олардың жұмыс істеуін, таратылуы туралы шарт жасасу мен орындауды интеллектуалдық меншік құқымен қоса алғанда алуан түрлі мүлікті сатып, сатып алуды пайдалану және оларға билік етуді бағалы қағаздар шығаруды, заңда тиым салынбаған инвестицияға байланысты қызметтер жатады.

Экономикалық қатынастар, сондай-ақ инвестициялық қатынастар аралас шарт негізінде нарықтық экономикадағы меншік түрлері мен формаларының ұқсастығы.

Жария құқықтық реттеу- билік қатынастары немесе заң шығарушы, атқарушы және сот билігі қоғамдағы қажетті қатынастарды реттеп, дамытуға бағытталады.

Жеке құқықтық реттеу- нарықтық экономикада субъектілері мен инвесторларына өз есебінен және инвестициялық меншік қаражаты есебінен, яғни өз жауапкершілігімен және тәуекелімен және инвестордың сайлау бостандығын болжайды. Демек, жеке- құқықтық реттеу билік қатынастарын жүзеге асырмайды, керісінше тең әріптестердің экономикалық және рухани мүдделеріне жетуіне бағытталады. Бұл реттеудің түрі біздің ойымызша экономикалық құқықтық қатынастарға ие болуы керек. Осы қатынастардан “Тиым салынбаған нәрсенің бәріне рұқсат” деген принцип шығады. Жеке- құқықтық реттеудің мазмұнына сәйкес. Жеке құқықтық реттеу, жария құқықтық реттеудің әдістерінің ұқсастығы инвестициялық құқықтың әдісі ретінде нарықтық экономикадағы қалыпты инвестициялық процесс жеке және мемлекет меншігімен .

Инвестициялық процесс нарықтық экономика саласындағы қатынастарды реттеу үшін барлық уақытта саяси сипатта болады [7]. Бірақ, құқықтық реттеу қатынастардың тұрақтылығында, қалыпты жағдай, кепілді қалыптастыруда жанама әрекет болып саналады. Нарықтық экономикадағы инвестициялық процестің өзін- өзі реттеумен салыстырғанда. Нарық бұл тікелей реттеуші болып табылады.

Инвестициялық процесс- инвестицияның көлемі мен сапасына бағынады. Салықтар өз кезегінде- мемлекет пен қоғамның бюджетін қалыптастыруда негізгі шарт, сондықтан да бұл тәуелділік салықтар мен инвестиция арасында инвестициялық процесті белгілеу керек.

4-тақырып. Қазақстан Республикасында шетел инвесторларының инвестициялық қызметтерді жүзеге асыруының нысандары.

5-тақырып. Инвестициялық контрактілер.

Инвесторлармен жасалатын контрактіде мемлекет атынан өкілдік ететін орган ҚР-ның инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет (кейін

ҚР-сы инвестициялар жөніндегі агенттігі). Келісімді жасағаннан кейін инвестор "бекітілген инвестор" деп саналып тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңында айтылған ерекше режимді пайдаланады. Бір жылдан кейін 1998 ж. 7 тамызда Комитет №13 "Салық жеңілдіктерін ұсыну процедурасын жетілдіру туралы" қаулы шығарады. Осы қаулының 2 ережесіне сәйкес әр инвестор өзіне жеңілдіктер мен преференциялар беру туралы заявка бере алады. Бұл инвестициялық проект басым секторлар қатарына кіруі тиіс. Тізім инвестициялар жөніндегі ҚР-ның мемлекеттік комитеттің "2000 жылға дейінгі отандық және шетелдік инвестицияларды тартудың маңызды өндірістер тізімі" негізінде анықталады. Тікелей инвестициялардың негізгі капиталға салынудың жалпы көмескі АҚШ-тың 10 млн. долларынан аспауы тиіс.

Тікелей инвестицияларды тартудың маңызды өндірістер тізіміне: өндірістік инфрақұрылым (темір жол, газ құбырлары: телекоммуникация т.б.), өндіруші өндіріс (киім шығару, жиһаз жасау), Астана қаласының объектілері, үй, әлеуметтік және туризм аясының объектілері (білім беру, денсаулық сақтау, спорт, демалыс объектілері), ауыл шаруашылығы (жоғарғы сапалы мәдени өнімдер шығару, малдың ең жақсы тұқымын шығару т.б.). Бұл тізім экономиканың қажеттіліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Мемлекет экономикасында ерекше рольге ие портфельді инвестицияларды және осы саюаны реттейтін – бағалы қағаз нарығы туралы заңдарды атап өту керек. Өйткені инвестициялық қатынастар дамуы үшін бағалы қағаз нарығы ақша қорларын мемлекет ішінде шоғырландырмен бірге мемлекеттік жерде оны қайта инвестициялау институты ретінде дұрыс әрекет етуі тиіс. Нарықтық қордың дамуы республикадағы экономикалық жағдайға тікелей байланысты. Осы аядағы мемлекет саясаты инвестициялық ресурстарды өндірістің жаңартылуы үшін бағытталуы керек. Жоғарыда аталаға мақсаттарда орындау механизмдері ретінде келесілерді атауға болады: инвестицияларды тарту мен бағалы қағаз нарығын реттеу саласында нормативтік актілер мен заңдар шығару, Ұлттық Банк пен коммерциялық банктердің проценттік ставкалары, мемлекеттік бағалы қағаздардың пайдалылығы.

Қазіргі уақтықа дейін Қазақстанның көптеген ұйымдарының техникасы және өнідірісі күш жағынан әлі де тиісті жетілдірілмеген.

Нарықты өнеркәсіптік, транспорттық және аграрлық өндірістердің акцияларымен толтыру, инвестициялық салықтары жөнінде ең жақсы бағалы

қағаздарды таңдау, материалдық өндіріс саласына реалды капиталдардың ағымы - өркениетті мемлекеттерде қаржылық рыноктардың билік жүйесін құру болып табылады. Бірақ Қазақстанда Экономиканы приватизациялау және оның инвестициялық мүмкіншіліктерін өсірткіздіру процесстері конкуренттік бастамалардың дамуымен және өндірістің демонополизациясымен синхронизацияланбайды – приватизацияланған өндірістер, бұрынғыдай, негізгі массада, монополюді болып отыр. Яғни, бұл өндірістік технологияларының жақсаруын және оның басқару мен жоғарлату, жаңа технологияларының тез дамуын, негізгі фондтардың жаңарылуын күткіздірмейді.

Құқықтық нормалар бір-біріне қабаттануда. Оларда көптеген қайталанушылықты, байланыспаушылықты, проблемаларды табуға болады. Бұның барлығы тез уақыт арадағы ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерін жүйелендіруге байланысты жұмыстарды күшейтуге, тез арадағы нормативтік реагированиялауды және заңнаманың тура болуын талап етеді. Жүйелендіру ең біріншіден, нормативтік-құқықтық актілер жүйесінің бірқалыпта болуына бағытталуы тиіс, бірақ осы жүйелендіру арқылы тек қана бар нормаларды тәртіпке келтіру ғана емес, заңнамаларды жаңартуды да (кодекс немесе басқа кодификациялық акт шығару) жүзеге асырылуы тиіс.

Юридикалық және экономикалық әдебиеттердегі инвестиция түсінігі жөніндегі сұрақтар бір рет ғана емес қарастырылған. Бірақ ғылыми құқықтанушылардың ойлары бір пікірге келмей, кейбір кездерде анықталған категорияға қарсы болып айтылады. Мұндай қарсылықты талдаулар негізделген, бірақ біздің көзқарасымыз бойынша инвестицияның түсінігі қиындатылған және көп жақтылы болып келеді.

Капиталды өндірістің факторы ретінде анықтап, экономистер өндірістің негіздерімен (немесе нәтижелерімен) ұқсатады. Мұндай негіз саяси экономиканың классиктерінен келген: А.Смит капиталды жинақталған еңбек ретінде қарастырады, Д.Рикардо капитал – бұл өндірістің заттары деп ойлайды. Капитал ұзақ пайдаланудың игіліктерінен тұрады, олар басқа тауарларды өндіру үшін экономика жүйесімен пайда болған. Бұл игіліктерге сансыз станоктар, құралдарды, үйлерді және т.б. жатқызамыз. Олар капиталды мына бөлулерге бөлуді ұсынады: - бұйрылған немесе өндіріс құралдарын сатып алуға құртылған заттар; қайта ауыспалы – жұмыс күшін тұрақтауға бар жатқан; айналымды – бұл өндірістің құралы ретінде салыстыра қолда бар ақшаға жеңіл айналдыруды көрсетеді. Мысалы: несие берушілік мекемелердің счеттарымен кассаларындағы ақша, бағалы қағаздар,

дебиторлық қағаздар, дайын өнімнің запастарымен бітпеген өндіріс, материалдар және т.б. Сондықтан осы параграфта (бөлімде) инвестициялық құқық түсінігінің категориалды анықтамаларына тоқталуды жөн көреміз.

Диалектика заңдары бойынша, тану – ол тірі созерцаниядан абстрактілі ойлануға және одан тәжірибеге бара жатқан процесс. Категориалды түсініктер арқылы танудың түспелі қимылдары қамтамасыз етіледі: толық түрде ойлау объектісін, олардың ғылыми түсініктерін шығарудағы бөлек негізгі жақтарын тану. Ойлауда пайда болған түсініктердің ақиқаттылығы, зерттеушілі заттармен құбылыстардың негізіне жетуге, олардың қалыптасуымен реалды функционированиясының әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Категориялар, әрине біруақытта шындықтың көрінісімен оның өзгеруінің идеалды формасы болып келеді. Бұл жағдайды қысқа түрде былай құруға болады: шындық теориялық тануда көрінеді, ал теория өмірге айналады.

Тәртіп бойынша, қоғамның әр даму кезеңіне белгілі бір өндірістік қатынастардың түрі жатады және осыдан белгілі бір экономикалық категориялардың түрінің болуы анықталынады. Соңғылары сол немесе басқа да құбылыстың негізін, тек олардың осы берілген абстракцияны тудырған белгілі болған жағдайлармен шекелген байланыста болу негізінде ғана айқындалады. Өндірістік қатынастардың өзгеруімен экономикалық категорияларда өзгереді. Категориялардың негізгі белгісі ретінде оларды, нақтыланған – тарихи мінезі болып табылады. Олар оның сол немесе басқа құбылыстық негізін, тек оның осы берілген абстрактілі тудырған нақты жағдайлармен шектелген байланыста болумен ғана айқындайды. Бұрынғы меншік түрінің өзгеру процесінде, Экономикалық реформалардың біртіндеп жылжуы экономика нарығының эффективті (қолайлы) механизмдер құруы, бірінші орынға жаңа категорияларды шығарады, басқалары көлеңкенің артында кетіп, үшіншілері жаңа әлеуметтік-экономикалық мазмұнмен толықтырылып жатыр.

6-тақырып. Инвестициялардың құқықтық режимі.

Инвестициялық құқықтың құқықтық реттелу пәні инвестициялық әрекетті жүзеге асыру кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастар. Инвестициялар – бұл инвестициялық құқықта оларды пайдаланумен байланысты барлық қоғамдық қатынастарды біріктіретін бастама.

Инвестициялық әрекетті жүзеге асыру кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар түрлі болып келеді – бұл Қазақстан Республикасындағы инвестициялармен және шетелдегі инвестициялармен байланысты болатын

қатынастар; займ, несие берумен байланысты қатынастар; еркін экономикалық аумақтардағы инвестициялармен абыланысты қатынастар және т.с.с. Жекеленген топтар мемлекеттік инвестияларды жүзеге асыру кезінде пайда болатын және құнды қағаздар нарығында туындайтын қатынастарды құрайды.

Әдетте, құқықтық реттелудің екі негізгі әдістері бар – жалпы және нақты (салалық). Жалпы әдіс – бұл қоғамдық қатынастарға арнаулы нормативті құралдармен ықпал етудің жиынтығы, салалық – бұл берілген саламен реттелетін құқықтық қатынас субъектілерінің мүмкін және міндетті мінез – құлқының қалыптасуына бағытталған, қоғамдық қатынастарға ететін заңда әдістердің, құралдар мен амалдардың жиынтығы. Салалық әдістерге императивті және деспозитивті әдістер жатады.

Инвестициялық құқықтың маңызды қағидаларының бірі – инвестициялық құқық субъектілерінің теңдігі. Бұл қағида мынаны білдіреді: инвестициялық әрекетті жүзеге асыруда инвесторлардың құқықтары бірдей болады. Келесі қағидалардың бірі шарттың еркіндігі. Тағы бір маңызды қағиданың бірі – инвестормен өзінің әрекетін жүзеге асырудың дербестігі, яғни инвестор инвестицияның объектілері мен нәтижесіне ие болуға, оны пайдалануға және боған билік етуге құқықты, сондай-ақ инвестордың ішкі шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың араласпауын білдіреді. Инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қағидасы – инвесторларды, кірістіреді, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша мемлекеттің кепілдігін білдіреді.

Инвестициялық құқық жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады.

Жалпы бөлімде келесі құқықтық институттар берілген: инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу, инвестициялық құқықтық қатынастар (субъектілер, объектілер және мазмұны); инвестициялық қорғау (кепілдіктер); инвестициялық шарт (түсінігі, бекіту тәртібі, шартты өзгерту және бұзу); инвестициялық қызметті ұйымдастырудың құқықтық нысандары.

Инвестицияның ерекше бөлімінде инвестициялық қызметтің түсінігі мен түрлері; инвестициялық қызметті лицензиялау; инвестициялық қызмет аумағындағы салық салу; инвестицияларды басқару; инвестиция аумағындағы несиелендіру; инвестициялық жоба; инвестициялық жобалардың мемлекеттік сараптама; инвестициялық тәуекелді сақтандыру; инвестицияның жеке түрлері; инвестициялық шарттардың түрлері; инвестициялық қызметаумағындағы міндеттемелер; инвестициялық дауларды шешу; инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік көрсетілген.

Инвестициялық қатынастарды мемлекет реттей отырып, инвестициялық әрекет субъектілеріне ықпал ету нысандары мен әдістерін қолданады. Мемлекет инвестициялық қатынастарды арнаулы мемлекеттік органдар арқылы басқарады.

Жалпы алғанда, шетелдік инвестициялық қызметті реттеудің 3 түрі бар. Олар:

- 1) Халықаралық – құқықтық реттеу;
- 2) Аймақтық реттеу;
- 3) Ұлттық – құқықтық (мемлекеттік) реттеу.

Инвестициялық мемлекеттік реттеудің екі құрамдас бөлігі белгіленген:

- тікелей мемлекеттік реттеу – мемлекеттік инвестиция аумағында; кенді пайдалану аумағында; мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру аумағында; қаржылық және несие саясатын жүргізу аумағында, сондай-ақ салық саясатын жүргізу аумағында жүзеге асырылады.

- Инвестициялық процестерді жанама реттеу, яғни мемлекетпен инвесторлардың құқықтарының кепілдігін, мемлекетпен қамтамасыз етуді, сондай-ақ инвестицияны қолдануды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының инвестициялық қызметті құқықтық реттеуді 1994 жылы желтоқсанның 27 – інде “Шетелдік инвестициялар туралы” заңының қабылдануымен басталды деп айтуға толық негіз бар. Бұл заң ұлттық режимнен және шетелдік инвесторларға аса қолайлы режимге рұқсат етуді қамтитын нормалардан; шетелдік инвесторларға берілетін (заңды өзгертуге, экспроприацияға (мемлекеттің жылжитын немесе жылжымайтын мүліктен күштеп айыруы), мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттеріне және т.б.) кепілдіктердің тұтастай бір кешенінен, сондай – ақ экономиканың басым секторларында және әлеуметтік салада шетелдік инвестициялар үшін қосымша жеңілдіктер белгілеу мүмкіндігінен тұрады (4–13 – баптар).

XX ғасырдың 90 жылдарының аяғында ТМД елдерінде инвестициялық саясатты қайта ойластыру үдерісі, яғни қайта құру басталды: “кез келген әдіспен шетелдік инвестицияларды тарту” ұстанымынан шетелдік инвестицияларды таңдамалы қолдау – тек қана тура шетелдік инвестициялар (немесе капитал салымдары түріндегі инвестициялар) ұстанымына көшу мақұлданды, оған қоса бірқатар жағдайларда тура инвестицияларды экономиканың жекелеген (басым) секторларына тарту көзделген.

1997 жылы ақпанның 28–інде Қазақстан Республикасы “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” заң қабылдап, онда мынандай: жаңа технологияларды, озық техниканы және ноу – хау енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен толтыру; отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру; экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірісті дамыту; жаңа жұмыс орындарын құру; қоршаған табиғат ортасын жақсарту т.б. негізгі міндеттер айқындалды.

Сонымен қатар осы заңның 5 – тарауы тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган туралы айтылған. Онда комитеттің құрылымы, негізгі қызметі, өкілеттілігі анықталған (14–16 баптар).

Комитеттің негізгі қызметі мыналар болып табылады:

- 1) ҚР – на тікелей инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 2) ҚР – сы мемлекеттік органдарының бекітілген инвесторлар жүзеге асыратын инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 3) әрбір инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті құқықтар мен өкілеттіктер беретін барлық келісу және рұқсат ету құжаттарын, лицензияларды, визаларды және басқа да құжаттарды алуды қамтамасыз ету;
- 4) бекітілген инвесторларға ҚР – да білікті қызметкерлерді, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді іздестіруде жәрдем көрсету;
- 5) бекітілген инвесторлардың өздеріне алған міндеттемелерін атқаруына бақылауды қоса алғанда, инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру.

Комитеттің өкілеттігі. Комитеттің өз қызметін жүзеге асыру үшін:

- 1) инвесторлардан, орталық және жергілікті атқарушы органдардан барлық қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;
- 2) келісім – шартқа сараптама жүргізу және оны әзірлеу үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, ҚР – ы мен басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары қатарынан кеңесшілер, консультанттар мен сарапшылар тартуға;
- 3) ҚР – да жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдің қатысуын ынталандыру мақсатымен ҚР – ның орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссиялары қызметін үйлестіруге;
- 4) келісім – шарттарды әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың міндетті орындауы үшін қаулылар шығаруға құқығы бар. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық жергілікті атқарушы органдардың инвестициялық қызметті шектеуге байланысты мәселелер жөніндегі актілері міндетті түрде Комитетпен келісілуге тиіс.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңның маңыздылығы мынада: ҚР инвестициялық заңы өз дамуында сапалы жаңа деңгейге өтті, өйткені тікелей инвестициялар туралы заң қабылданғанға дейін мемлекеттің инвестициялық саясаты шетелдік инвестицияларды көбейтуге және аса қолайлы дегеннен де артық құқықтық режим орнатуға бағытталған еді. Ақыр соңында, шетелдік инвестициялардың, негізінен, жер қойнауын пайдалануға ғана салынғанына байланысты, олардың тиімділігі өте аз болды және ел экономикасының өркендеуіне айтарлықтай әсерін тигізбеді, оның үстіне шетелдік инвесторлардың тек жер қойнауларында өктемдік жүргізуді күшейтуіне әкеліп соқтырды. Нәтижесінде, тікелей инвестициялар туралы заң қабылдаумен қатар, шетелдік инвестициялар туралы заң мәтініне айтарлықтай өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Оған негіз болған себептердің ішінде сол кездерде ұлттық инвесторлардың үкіметтік кепілдікпен шетелдік инвесторлармен жасаған шарттары бойынша қазақстандық тараптың шарт міндеттемелерін бұзуы себепті мемлекетке түскен көптеген миллион шығындардың орын алғанын атауға болады.

ҚР – ы 2003 жылы қаңтардың 8 – інде “Инвестиция туралы” заң қабылдады. Осы заң Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді, инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді. Осы заңның 21–1–бабына сәйкес келісім – шарт талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган мынадай нысандарда:

1) камералдық бақылау - уәкілетті орган осы баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, оның ішінде, жұмыс бағдарламасын және келісім-шарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарау арқылы жүзеге асырады.

2. Келісім-шарт жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының келісім – шарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті органға:

1) жұмыс бағдарламасы қолданыста болған кезде статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша:

жиырма бесінші маусымнан кешіктірмей жұмыс бағдарламасын орындау туралы аралық есепті;

жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтердің таратып көрсетілген түсіндірілімімен бірге жұмыс бағдарламасын орындау туралы жылдық есепті;

2) тіркелген активтер пайдаланылуға берілгеннен кейін бір айдың ішінде тіркелген активтердің пайдаланылуға берілгенін растайтын құжатты;

3) жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі өткеннен кейін бір ай ішінде аудиторлық есеппен расталған:

жұмыс бағдарламасын орындау туралы есепті;

инвестициялық қызметтің нәтижелері бойынша кірістер мен шығыстар туралы есепті;

жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтердің таратып көрсетілген түсіндірілімін табыс етеді.

Аудиторлық есеп жұмыс бағдарламасының бүкіл қолданыс кезеңіндегі қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдауды қамтуға тиіс.

3. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жылына бір рет енгізіле алады.

4. Инвестициялық қызмет объектілеріне бара отырып тексеру уәкілетті органның шешімі негізінде жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстар аяқталған мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде жүргізіледі.

Инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып кезектен тыс тексеру уәкілетті органның шешімі бойынша:

1) камералдық бақылау нәтижелері бойынша келісім-шарт талаптарының бұзылуы айқындалған жағдайларда;

2) құқық қорғау органдарының өтініші бойынша жүргізіледі.

Бұл заң шетелдік және ұлттық инвесторлар арасындағы айырмашылықты жойды және инвесторлардың инвестициялық қызмет әсерлер де жоқ емес. Атап айтқанда, ҚР – ның инвестициялар туралы заңында шетелдік инвесторларына қатысты бұрын белгіленген кепілдіктермен салыстырғанда, кепілдіктер тізбесі екі есе кеміген, ал олардың кейбіреулері, мысалы, заңды өзгертуге кепілдіктер елеулі өзгеріске ұшыраған – заң түсініктемесіне негізделіп, келісімдер талаптарының тұрақтылығы ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және адамгершілікті қамтамасыз ету мақсатында енгізілген заң актілеріне таратылмаған.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заңда ҚР ұлттық мүдделерін қорғау, оның ішінде өнеркәсіптік әлеуетті сақтау және нығайту мақсатында мемлекет шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдардың немесе шетелдіктердің қатысуы бар ұйымдардың басқаруындағы және меншігіндегі нысандарының жай – күйіне және пайдаланылуына бақылай жасау белгіленген. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікке залал келтіретін немесе ҚР мемлекеттік тәуелсіздігін жоюға және

ҚР егемендік құқықтарын тарылтуға жеткізетін халықаралық шарттар жасауға жол берілмейтіні көзделген.

ҚР – ы экономиканың стратегиялық салаларына салынып жатқан шетелдік инвестицияларды зерттеп – білуге әрекет жасады. “Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікке мемлекеттік мониторинг жариялау” заңына сәйкес, ондай салаларға төмендегілер: отын – энергетикалық пайдалы қазбаларды (көмір, мұнай, газ, уран және металл рудалары) өндіру және өңдеу; машина жасау, химия өнеркәсібі, көлік және байланыс, электр энергиясын өндіру мен тарату, сонымен қатар әскери – өнеркәсіптік мақсаттағы өнім өндіретін салалар жатқызылады.

Ары қарай, реттеу саласын инвестициялық қатынастар құрайтын кешенді сипаттағы заң актілерінің арасынан “Қазақстанның инвестициялық қоры туралы” заңын айта кетуге болады. Осы заң Қазақстанның инвестициялық қоры қызметінің мәселелерін реттейді, оның мақсаттарын, міндеттерін, инвестициялық саясаттың бағыттарын, оның мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл ерекшеліктерін айқындайды. Қор қызметінің мақсаты перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізаттық емес секторында жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық – инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады. Қордың инвестициялық қызметі – ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестиция салуды, инвестициялық жобалар бойынша ақпарат жинау мен өңдеуді, маркетингтік, инжинирингтік және өзге де зерттеулерді, жоспарлы-болжамдық және жобалау – сметалық құжаттаманы қамтамасыз етуге қатысуды, сондай-ақ инвестицияларға бақылау ұйымдастыруды қамтитын, Қордың инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қызметі. Қор қызметінің мақсаты перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізаттық емес секторында жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық – инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Қордың міндеттері:

1) шикізат пен материалдарды тереңдеп өңдеуді жүргізетін, жаңа технологияларды пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын, сондай-ақ өз қызметін өнеркәсіпте жүзеге асыратын перспективалы ұйымдарға өндірістік қызметтер көрсететін жаңадан құрылып жатқан, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру;

2) Қордың инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыруы (ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру) және

осы жобаларды басқаруға қатысуы арқылы экономиканың шикізаттық емес секторына жеке инвестицияларды ынталандыру;

3) отандық және шетелдік ұйымдар арасындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ететін, толықтырушы, аралас өндірістерді дамытатын Қазақстан Республикасынан тыс жердегі инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру арқылы шет елдердегі қазақстандық ұйымдардың инвестициялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

Қордың өкілеттіктеріне:

1) Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес инвестициялық саясатты жүзеге асыру;

2) шикізат пен материалдарды тереңдетіп өңдеуді жүргізетін, жаңа технологияларды пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жұмыс істеп тұрған перспективалық ұйымдарды инвестициялауды жүзеге асыру не осы ұйымдарға үшінші тұлғалардың инвестицияларын тарту үшін іріктеуді жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының тиісті басымдықтарына сәйкес келетін, отандық және шетелдік инвесторлар қатысатын инвестициялық жобаларды іске асыруды ұйымдастырушы және оларға қатысушы болу;

4) филиалдар мен өкілдіктер құру;

5) инвестициялық жобалар жөніндегі құжаттамалар дайындауға шарт негізінде қатысу;

6) қайта инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;

7) уақытша бос ақшаны орналастыру;

8) басқа отандық инвесторлармен бірлесіп, Қордың шет елде жүзеге асыратын инвестициялық жобаларының орындалуын бақылаудың бірлескен нысандарына қатысушы болу;

9) өз міндеттерін іске асыру үшін сарапшылар мен консультацияларды шарт негізінде тарту;

10) өзінің инвестициялық портфелін дербес басқару;

11) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде тиісті лицензияның негізінде дилерлік қызметті ғана жүзеге асыру жатады.

Қазақстан Республикасында ең алғаш рет «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2003 жылы 7 – шілдеде қабылданған болатын. Қазақстанның инвестициялық қорының (ҚИҚ) мақсаты Қазақстанда да, шет елдерде кәсіпорындардың жарғылық капиталына үлестік және бақылаусыз қатысу арқылы жеке сектордың экономиканың шикізаттық емес секторындағы бастамаларына қаржылай қолдау көрсету болып табылады. Инвестициялық қордың инвестициялық қызметі осы қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының кірістер алуы және мұндай инвестициялау кезінде қауіптің азайтылуын қамтамасыз ету мақсатында акционерлік инвестициялық қор тиісті лицензиясы болған кезде дербес немесе қорды басқарушы компанияның қор активтерін инвестициялауынан тұрады.

ҚИҚ құру қажеттілігі қор рыногының дамымауымен, отандық компаниялардың капиталдану төмендігіне, отандық рынокта өңдеуші өнеркәсіпке келіп түсетін инвестиция ағымына ықпал ететін барабар нарықтық тетіктердің болмауымен байланысты болып отыр. Банктермен және басқа да қаржы агенттерімен ҚИҚ әріптестігі жаңа өндіріс пен қаржы рыногының дамуы үшін белсенді серпіліс болады. Бұл ҚИҚ – қа жаңа өндірістер, оның ішінде жоғары технологиялы өндірістер құруда ғана емес, сондай – ақ бағалы қағаздар рыногын дамытуда да ықпал ету мүмкіндігін береді. ҚИҚ Қазақстанның Даму Банкімен тығыз қарым - қатынаста жұмыс істеуі тиіс. Бұл екі институт банк желісі бойынша жобаларды қаржыландыру және капиталды бастапқы орналастыру бағытында бірін – бірі толықтыруы тиіс. Осы заң:

1) акционерлік инвестициялық қорлардың құқықтық жағдайының және қызмет етуінің ерекшеліктеріне байланысты;

2) инвестициялық пай қорларын құру, олардың жұмыс істеуі және жұмыс істеуін тоқтату процесінде туындайтын;

3) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлік басқару, оларды есепке алу мен сақтау, сондай – ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналысқа жіберуді, сатып алуды және өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне байланысты құқықтық қатынастарды реттейді. Осы заң, басқарушы компанияларды қоспағанда, қызметі Қазақстан Республикасының басқа заң актілерімен реттелетін өзге тұлғалар жүзеге асыратын мүлкті сенімгерлік басқару жөніндегі қатынастарға және дауыс беретін акцияларының елу проценттен астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ұйымдарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасында инвестициялық қорлардың мынадай түрлері:

1) акционерлік инвестициялық қор;

2) ашық, аралық немесе жабық нысандарда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қоры жұмыс істейді.

Жылжымайтын мүлік қоры оның акцияларын ұстаушысына жылына кемінде бір рет акциялар бойынша дивидендтер алуға құқық береді. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін ақшаның ең аз мөлшері қордың таза кірісінің кемінде тоқсан процентін құрауға тиіс.

Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол екі аптада бір реттен кем болмауға тиіс.

Инвестициялық аралық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол жылына бір реттен кем болмауға тиіс.

Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, сондай-ақ қор ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен пай бойынша дивидендтер алуға құқық береді.

Егер осы Заңда және қордың ережелерінде өзгеше көзделмесе, жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушысы басқарушы компаниядан өзіне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы емес.

Акционерлік немесе жабық инвестициялық пай қорлары ғана тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлар бола алады. Жылжымайтын мүлік қоры тәуекелмен инвестицияланатын қорлар бола алмайды.

Инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы болған кезде акционерлік инвестициялық қор өз активтерін басқаруды жүзеге асыруға құқылы.

Өз активтерін дербес басқаруды жүзеге асыратын акционерлік инвестициялық қор өзге тұлғалардың активтерін басқаруды жүзеге асыруға құқылы емес.

Инвестициялық қордың инвестициялық қызметі осы қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының кірістер алуы және мұндай инвестициялау кезінде қауіптің азайтылуын қамтамасыз ету мақсатында акционерлік инвестициялық қор тиісті лицензиясы болған кезде дербес немесе қорды басқарушы компанияның қор активтерін инвестициялауынан тұрады.

Бұл заң инвестициялық пай қорының, акционерлік инвестициялық қордың барлық мәселерін қамтып өткен.

Бұл заң 13 ақпан 2009 жылы заңдық күшін жойып, бірақ осы заң қарастыратын мәселелер «Самұрық – Қазына» қорына ауыстырылатын болды.

Ендігі жерде инвестициялық құқықты реттейтін заңдарға қысқаша тоқталсақ, оларға: ҚР Үкіметінің 2003 жыл мамырдың 3 – індегі “Қазақстан Республикасының “Инвестициялар туралы” заңын жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы” қаулысын; ҚР Үкіметінің 2003 жыл мамырдың 30 – ындағы “Қазақстанның инвестициялық қоры” акционерлік қоғамын құру туралы қаулысын, 2004 жыл қаңтардың 22 – індегі “Инвестициялық компания: Қазақстанның инвестициялық қоры”, “Қазақстанның Даму банкі”, “Ұлттық иновациялық қор” акционерлік қоғамын құру туралы” қаулысын; ҚР Үкіметінің 2005 жыл мамырдың 24 – індегі “Мемлекеттік кепілдікпен 2005 жылға мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын

инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы” қаулысын; ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының “Инвестициялық артықшылықтарды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыру келісімдерінің талаптарын сақтауға мониторинг және бақылауды орындау ережелерін бекіту туралы” 2005 жыл тамыздың 9 – ындағы бұйрығын және т.б. актілерді жатқызуға болады.

7-тақырып. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың құқықтық негіздері.

“Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” заңына талдау жасап өтсек. Осы заңға сәйкес, тікелей инвестициялар – Қазақстан Республикасының егемен кепілдіктеріне байланысты және Қазақстан Республикасына берілетін ресми техникалық көмек немесе гранттар шеңберіне кіретін инвестицияларды қоспағанда, инвестициялардың барлық түрі болып табылады. Осы заңның 3 – ші бабына сәйкес, бұл заң ҚР – ның Конституциясына негізделеді және ҚР – ы бекіткен халықаралық шартта ҚР–ның тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңдарында көзделгенінен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарт ережелері қолданады деп көрсетілген.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мыналардан тұрады:

- инвестициялық қызметті қамтамасыз етудің заңдылық кепілдіктері;
- жеңілдіктер мен преференциялар жүйесін белгілеу;
- инвесторлардың алдында Қазақстан Республикасының атынан өкіл болуға уәкілеттік берілген бірден – бір мемлекеттік органның болуы.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты экономиканың басым секторларында тауарлар өндіруді, жұмыс атқару мен қызмет көрсетуді, жеделдете дамытуды қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау болып табылады.

Мақсатқа жету процесінде Қазақстан Республикасы төмендегідей міндеттерді шешеді:

- 1) жаңа технологияларды, озық техника мен “ноу – хауды ” енгізу;
- 2) ішкі рынокты жоғары сапалы тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен молықтыру;
- 3) отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру;

4) экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту;

5) Қазақстан Республикасының шикізат ресурстарын ұтымды да кешенді пайдалану;

6) менеджмент пен маркетингтің осы заманғы әдістерін енгізу;

7) жаңа жұмыс орындарын құру;

8) жергілікті кадрларды оқытып – үйретудің үздіксіз жүйесін енгізу, олардың біліктілік деңгейін арттыру;

9) өндірістің қарқындылығын қамтамасыз ету;

10) қоршаған табиғи ортаны жақсарту.

Бекітілген инвесторлардың мүдделерін қорғау жөнінде ҚР – ы беретін кепілдіктер:

1) бекітілген инвестордың шаруашылық серіктестік жарғылық қорындағы үлесіне немесе акцияларына билік ету немесе шаруашылық серіктестік жарғылық қорындағы үлестік қатысуын немесе акцияларын сатудың нәтижесінде алынған капиталын, пайдасын немесе кірістерін, салық пен басқа да міндетті төлемдерін төлеу шартымен, еркін аударуға шек қоймауға;

2) бекітілген инвестордың инвестициялық жобаға сәйкес ҚР – ның аумағында өндірген шикізатының өткізілуін немесе тауарларының сатылуын бақылайтын мемлекеттік монополиялар жасамауға (монополия – грек сөзінен «монос» – біреу, жалғыз, «палео» – сатамын, яғни жалғыз сатамын деген ұғымда. Бір немесе шектелген саны бар сатушылар нарығы деп түсіндіруімізге болады.);

3) бекітілген инвестордың инвестициялық жобаға сәйкес ҚР – ның аумағында өндірген шикізатын өткізілуін немесе тауарларын сату кезінде, ҚР – ның заң актілерінде айтылған жағдайларды қоспағанда, бағаны бақылау немесе реттеу шараларын қолданбауға;

4) бекітілген инвесторлардың ҚР – ның ұлттық валютасымен және шет мемлекеттердің валютасымен банк шоттарын ашуына және ҚР – ның ұлттық валютасын еркін айналыстағы валютаға және еркін айналыстағы валютаны инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ҚР – ның ұлттық валютасына ауыстыруына кедергі келтірмеуге, сондай – ақ бекітілген инвесторларға қатысты валюталық реттеудің өзгедей шектеулерін енгізбеуге;

5) ҚР – ның заңдарына сәйкес инвесторларды қорғауға және олар шығаратын өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталған кедендік реттеу шараларын жүзеге асыруға;

6) ҚР – дағы инвесторлардың инвестицияларын, пайдаларын (кірістерін), дивидендтерін (дивидендтер – акциялар, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төленуге жататын табыс; қордың басқарушы компаниясы пайларды сатып алған кезде олар бойынша табысты қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың пайлары бойынша төленуге жататын табыс; заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі; заңды тұлғаны тарату кезінде, немесе жарғылық капиталды қатысушылар салымдарының мөлшерін барабар азайту жолымен не қатысушылардың (қатысушының) үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен азайту кезінде сондай-ақ құрылтайшы, қатысушы заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, мүлікті бөлуден түсетін табыстар; исламдық қатысу сертификаттары бойынша төлеуге жататын табыстар), құқықтары мен заңды мүдделерін ҚР – ның заңдарымен қорғауға.

7) мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың инвесторларға, олардың өздеріне меншік құқығында тиесілі мүлкін басқаруды жүзеге асыруына, ҚР – ы заңдарының бұзылу реттерін қоспағанда, кедергі жасамауға кепілдік береді.

Келісім – шартқа қол қойылған күннен кейін, ҚР – ның заңдарына келісім – шарттың бастапқы шарттарының одан әрі сақталуының мүмкін болмауына әкеп соқтыратын немесе оның экономикалық ережелерін елеулі өзгертуге әкеп соқтыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, бекітілген инвестор мен комитет келісім – шартқа екі жақтың келісуімен өзгерістер мен түзетулер енгізеді. Бұл Қазақстан Республикасының заңдарын өзгерістер мен толықтырулардан қорғау болып табылады.

Жеңілдіктер мен преференцияларлар инвесторға оның жобаны іске асыру жолындағы міндеттемелерінің орындалуы мен жауапкершілігінің сақталуын, оның өтімділігі, инвесторда қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктер болуын растайтын құжаттар болған ретте және т.б. жағдайларға байланысты жобаны іске асыру үшін беріледі. Жеңілдіктер мен преференцияларды Комитет инвесторлармен келісім – шарт жасасу жолымен беріледі. Жеңілдіктер мен преференцияларлар жүйесі және оларды беру тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Жалпы осы заң бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған ынталандыру шаралары басқа, арнайы заңдарда толығырақ қарастырылып өткен, сондықтан сол заңдарды қарастырған жөн.

Бүгінде Қазақстан Республикасының салық жүйесінде жүзеге асырылатын салықтық – құқықтық реттеу әдістері қатарына салықтық ынталандыруды және салықтық санкцияларды жатқызуға болады.

Салықтық ынталандыру әдетте салықтық – құқықтық нормаларда, сондай – ақ тиісті салықтық келісімдерде белгіленген экономикалық тұрғыдан мұқият негізделген жеңілдіктер жүйесі ретінде стратегиялық сипаттағы және өзара байланысқан салық жеңілдіктері мен преференцияларының кешенін қалыптастырады.

Мемлекет тарапынан салық салу процесінде пайдаланылатын салықтық ынталандыру әдістері (инвестициялық салық преференциялары, нарықтық дамудың нақтылы кезеңдерінде мемлекетке қажетті экономикалық секторларға берілетін салық жеңілдіктері) қоғамның экономикалық дамуына ықпалын тигізіп келеді.

Салықтық ынталандыру негізінде:

- салық жеңілдіктерін беру әдістерінің экономикалық сипаты;
- салық жеңілдіктерінің өндіріс тиімділігін арттыруға, бюджеттердің салықтық кірістерінің өсуіне бағытталуы;
- салық жеңілдіктерінің өкілді және заң шығарушы билік органдары тарапынан бекітілуі;
- салық жеңілдіктерін қолдану барысында қоғамдық – мемлекеттік, корпоративтік және жекелей экономикалық – қаржылық мүдделердің ескерілуі;
- салық жеңілдіктерінің экономикалық негізделуі;
- инвестицияларды салықтық ынталандыру жүйесінің ұдайы өндіріспен байланыстырылуы;
- инвестициялық салықтық преференциялардың мемлекеттің әлеуметтік мақсатталған инвестициялық бағдарламалары негізінде берілуі;
- салық жеңілдіктерінің бірінші кезекте экспорттық өндіріс аяларында бағдарлануы;
- салық жеңілдіктеріне байланысты мемлекет тарапынан берілетін арнаулы құқықтық кепілдіктер ұзақ мерзімді және орнықты сипаты сияқты және т.б. принциптер жатады.

Қазақстандағы салық салу ауқымында, заң жүзінде көзделген инвестициялық салық преференциялары негізінен корпорациялық табыс салығы болып табылады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 4 –ші бөлімі Корпоративтік табыс салығы деп аталады. Осы бөлімге толығырақ тоқтап өтсек, біз инвестициялық салық преференциялар мәнін толық аша аламыз.

Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай – ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар алатын резидент емес заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылады. Корпоративтік табыс салығын салу объектілері мыналар болып табылады:

- 1) салық салынатын табыс;
- 2) төлем көзінен салық салынатын табыс;
- 3) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы.

Салық салынатын табысқа келсек, ол жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады. Ал, жылдық жиынтық табыс дегеніміз резидент заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысы осы тұлғаның Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде салық кезеңінің (корпоративтік табыс салығы үшін 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады) ішінде алуына жататын (алынған) табыстарынан тұрады.

Мыналар салық салу мақсатына орай табыс ретінде қарастырылмайды:

- 1) жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны;
- 2) эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған ақша сомасы;
- 3) егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, мүлікті өтеусіз негізде беретін салық төлеуші үшін өтеусіз берілген мүліктің құны. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады;
- 4) осы Кодексте көзделген салық міндеттемесінің мөлшерін азайту сомасы;
- 5) егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, басқа тұлғадан алынуға жататыннан (алынғаннан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік

стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнын өзгертуге байланысты туындайтын табыс;

6) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен бөлінбеген пайданы арттыру.

7) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес іс жүзінде орындалуға тиіс міндеттеме мен бухгалтерлік есепте танылған осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде бухгалтерлік есептегі міндеттеменің танылуына байланысты туындайтын табыс.

Ендігі жерде жылдық жиынтық табысқа енгізілетін табыстарға келсек, олар:

- 1) өткізуден түсетін табыс;
- 2) құн өсімінен түсетін табыс;
- 3) туынды қаржы құралдары бойынша табыс;
- 4) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;
- 5) күмәнді міндеттемелер бойынша табыс;

6) банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс;

7) сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс;

8) талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;

9) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;

10) тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс;

11) табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс;

12) кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс;

13) бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;

14) егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

15) бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

16) өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;

17) дивидендтер;

18) депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар, ислам жалдау сертификаты;

19) оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

20) ұтыстар;

21) әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;

22) кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;

23) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс;

24) сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс және т.б. табыстар.

Жылдық жиынтық табысты шығару үшін тек жоғарыда көрсетілген табыстардың барлығын есептеу жеткіліксіз. Себебі, жылдық жиынтық табысты

түзету қажеттігі туындайды. Салық төлеушілердің жылдық жиынтық табысынан:

1) тәуекелдік инвестициялаудың жабық пайлық инвестициялық қорлары мен тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлары төлейтінді қоспағанда, дивидендтер;

2) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алған банктердің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

3) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

4) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым мен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры өздерінің өтелген депозиттер мен төленген кепілдікті және өтемақылық төлемдер бойынша талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;

5) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына бағытталған инвестициялық табыстар;

6) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық табыстар;

7) Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес пайлық және акционерлік инвестициялық қорлар кастодиандардағы шоттарға алған және соларда болатын инвестициялық табыстар;

8) Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес секьюритилендіру мәмілесі бойынша арнайы қаржы компаниясы алған, борышты талап ету құқығын басқаға беруден алынған табыстар;

9) мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

10) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры мақта өңдеу ұйымдарынан алатын жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы;

11) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры астық қабылдау кәсіпорындарынан алатын жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы;

12) мақта (астық) қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алатын ақша сомасы;

13) инвестициялық депозиттер түрінде алынған ақшаны басқару процесінде ислам банкі алған, осы инвестициялық депозиттер депозиторларының шоттарына арналған және соларда болатын табыстар алып тасталуға жатады. Мұндай табыстарға ислам банкінің сыйақылары қосылмайды;

14) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы [заңнамасына](#) сәйкес құрылған ислам арнайы қаржылық компаниясы алған борышты талап ету құқығын беруден түсетін табыстар алып тасталуға жатады.

Жылдық жиынтық табысты анықтау үшін бізге шегерімдер керек. Шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, салық төлеушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары салық салынатын табысты айқындау кезінде шегерімге жатады. Шегерімдерді салық төлеуші өзінің табыс алуға бағытталған қызметіне байланысты шығыстарды растайтын құжаттары болған кезде жүргізеді. Бұл шығыстар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақтағы кезеңдердің шығыстарын қоспағанда, олар іс жүзінде жүргізілген салық кезеңінде шегерімге жатады.

Болашақтағы кезеңдердің шығыстары олар қатысты болатын салық кезеңінде шегерімге мыналар жатады:

1. Табиғи монополия субъектілері шеккен ысыраптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген нормалар шегінде шегерімге жатады.

2. Егер шығыстардың бір және сол түрі шығыстардың бірнеше баптарында көзделсе, онда көрсетілген шығыстар салық салынатын табыстың есеп-қисабы кезінде бір-ақ рет шегеріледі.

3. Егер осы Салық Кодексінде өзгеше белгіленбесе, таңылған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары шегерімге жатады.

4. Құрылысқа алынған, құрылыс кезеңінде есепке жазылған кредиттер (қарыздар) үшін сыйақылар құрылыс объектісінің құнына енгізіледі.

5. Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі салықтық есепке алуды жүргізген жағдайда бірлескен қызмет немесе оның бір бөлігі бойынша шығыстарды шегерімге жатқызу осындай өкіл табыс еткен мәліметтердің негізінде жүзеге асырылады.

6. Салық төлеушінің құрылысқа, тіркелген активтерді сатып алуға арналған шығындары және капитал сипатындағы басқа да шығындар шегерімге жатқызылады.

7. Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде шеккен шығыстар шегерімге жатқызылуға жатады.

8. Егер мәміле талаптарында салық төлеушінің өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер сапасына кепілдік беруі көзделсе, онда салық төлеушінің мәміледе белгіленген кепілдік беру мерзімі ішінде өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жою жөнінде жүргізген іс жүзіндегі шығыстарының сомасы осы Кодекске сәйкес шегерімге жатқызылуға жатады.

9. Қосылған құн салығы жөніндегі декларацияның деректері бойынша есепке жатқызылуға жатпайтын қосылған құн салығы сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнында ескеріледі.

Қосылған құн салығын төлеуші осы Кодекске сәйкес барабарлық әдісті қолданған кезде есепке жатқызылуға жатпайтын қосылған құн салығын шегерімге жатқызуға құқылы.

Шегерім қосылған құн салығы жөніндегі декларация табыс етілген, қосылған құн салығы бойынша салық кезеңін қамтитын салық кезеңінде жүргізіледі.

10. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес салық төлеуші жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестігіне, қызметкерлердің жыл ішіндегі орташа тізімдік санына сүйене отырып, бір қызметкерге Республикалық Бюджет туралы Заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш шегінде төлеген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүшелік жарналары шегерімге жатады.

11. Салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының есебіне жазған әлеуметтік аударымдары бойынша шығыстары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын мөлшерде шегерімге жатады.

12. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, төленуге жататыннан (төленгеннен) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасын қолдану кезінде бухгалтерлік есепте активтердің және (немесе) міндеттемелердің өзгеруіне байланысты туындайтын шығыс, салық салу мақсатында шығыс ретінде қарастырылмайды.

13. Туынды қаржы құралдары жөніндегі шығыстар осы Кодекстің ережелеріне сәйкес ескеріледі.

14. Жарнама мақсатына орай өтеусіз берілген тауардың Республикалық Бюджет туралы Заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тауарды беру не сыйға тарту күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінен аспайтын құны мұндай тауарды өтеусіз беру жүзеге асырылған салық кезеңінде шегерімге жатқызылуға жатады.

15. Егер сенімгерлікпен басқарушыға мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актімен мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе пайда алушы үшін салық міндеттемесін орындау жүктелсе, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының шығыстары, осы бөлімнің мақсатында осы сенімгерлікпен басқарушының шығыстарына қосылады.

16. Салық төлеушінің осы Кодекстің баптарына сәйкес шегерімдерді түзетуге құқығы бар.

Шегерімге жатпайтын шығындарға:

1) табыс алуға бағытталған қызметке байланысты емес шығындар;

2) соттың заңды күшіне енген үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасалған операциялар бойынша сот белгілеген қылмыстық қызмет басталған күннен бастап жүргізілген шығыстар;

3) осы кодекспен айқындалған тәртіппен әрекетсіз деп танылған салық төлеушімен уәкілетті органның ресми сайтында деректер жарияланған кезден бастап жасалған операциялар бойынша шығыстар;

4) сот жеке кәсіпкерлік субъектісі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жасады деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша шығыстар;

5) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) тұрақсыздық айыптарын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қоспағанда, бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

6) осы кодексте шегерімге жатқызу нормалары белгіленген шығыстардың көрсетілген нормаларды қолдана отырып есептелген шегерімнің шекті сомасынан асып кету сомасы;

7) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мөлшерден тыс есептелген (есепке жазылған) және төленген, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы;

8) осы кодексте көзделген әлеуметтік сала объектілерін сатып алу, өндіру, салу, монтаждау, орнату жөніндегі шығындар және олардың құнына енгізілетін басқа да шығындар, сондай-ақ оларды пайдалану жөніндегі шығыстар;

9) егер осы кодексте өзгеше көзделмесе, салық төлеуші өтеусіз негізде беретін мүліктің құны. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады;

10) есепке жатқызылуға жататын қосылған құн салығы сомасының жекелеген жағдайларда қосылған құн салығын төлеу тәртібін қолданатын салық төлеушіде туындайтын, салық кезеңі ішінде есепке жазылған қосылған құн салығы сомасынан асып кетуі;

11) Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдерді, кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және салдарды жою қорларына аударымдар сомасының шегерімдерін қоспағанда, резервтік қорларға аударымдар;

12) кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша берілетін тауарлық – материалдық қорлардың құны;

13) өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының төленген қосымша төлемінің сомасы;

14) салық төлеушінің амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына қосылатын шығындары шегерімге жатпайды.

Инвестициялық салық преференциялары салық төлеушінің таңдауы бойынша қолданылады және преференциялар объектілерінің құнын және (немесе) реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған кейінгі шығындарды шегерімге жатқызудан тұрады.

Мынадай талаптардың біріне немесе одан да көбіне сәйкес келетін салық төлеушілер:

1) салық төлеушіге арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу негізі қолданса;

2) салық төлеуші спирттің барлық түрлері, алкоголь өнімі, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 проценттен аспайтын сыра, темекі бұйымдары, яғни акцизделетін тауарларды өндіруді және (немесе) сатуды жүзеге асырса;

3) салық төлеуші ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнайы салық режимін қолданса, салық төлеушілердің преференцияларды қолдануға құқығы жоқ.

Жоғарыдағы жағдайлардан басқа жағдайда преференцияларды қолдануға Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының құқығы бар.

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдаланушыға:

1) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде жасалған, олар бойынша пайдалы қазбаларды коммерциялық табудан кейін өндіру нақ осы кезеңде басталған пайдалы қазбаларды игеруге келісімшарт (келісімшарттар) шеңберінде жүзеге асырылатын қызметте пайдалануға арналған преференциялар объектілері бойынша;

2) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде жасалған, пайдалы қазбаларды өндіруге келісімшарт (келісімшарттар) шеңберінде жүзеге асырылатын қызметте пайдалануға арналған (пайдаланылатын) ғимараттар және өндірістік мақсаттағы машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға кейінгі шығыстар бойынша преференцияларды қолдануға рұқсат етуге құқылы.

Жоғарыда көрсетілген преференцияларды қолдануға рұқсат етілген жер қойнауын пайдаланушылардың төмендегі құқықты қолдануға құқығы жоқ. Яғни, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша жер қойнауын пайдаланушы пайдаланудың бірінші салықтық кезеңінде осы тіркелген активтерді жылдық жиынтық табыс алу мақсатында кемінде үш жыл пайдаланған жағдайда амортизацияның екі еселенген нормалары бойынша амортизациялық аударымдар есептеуге құқылы. Осы тіркелген активтер пайдаланудың бірінші салық кезеңінде топтың құндық балансынан бөлек ескеріледі. Келесі салық кезеңінде осы тіркелген активтер тиісті топтың құндық балансына қосуға жатады.

Осы құқық бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) өздерін пайдалану ерекшеліктеріне орай жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызметті жүзеге асырумен тікелей себеп-салдарлы байланысы бар активтер болып табылатын;

2) салықтық есепте жер қойнауын пайдаланушы осы активтер бойынша шеккен келесі шығыстар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызмет пен келісімшарттан тыс қызмет арасында бөлуге жатпайтын тіркелген активтерге ғана қолданылады.

2. Преференциялар объектілеріне пайдалануға беру кезеңінен кейінгі кемінде үш салық кезеңі ішінде бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін:

1) жер қойнауын пайдаланушыларға берілген құқықта өзгеше көзделмесе, түскен кезде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде ескерілген және табыс алуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер; концессия шартының шеңберінде концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқық мирасқоры немесе заңды тұлға) жүргізген және (немесе) алған, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер. Яғни, негізгі құралдар немесе активтер болып табылатын.

2) преференцияны қолданған салық төлеуші кіріс алуға бағытталған қызметінде пайдаланатын;

3) егер жер қойнауын пайдаланушыларға берілген құқықта өзгеше көзделмесе, олардың пайдаланылу ерекшеліктеріне қарай жер қойнауын пайдалануға қызметті келісімшарт (келісімшарттар) бойынша жүзеге асырумен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар активтер болып табылмайтын;

4) егер жер қойнауын пайдаланушыларға берілген құқықта өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушының осы активтер бойынша салықтық есепке алуда шеккен шығындары жер қойнауын келісімшарт (келісімшарттар) бойынша пайдалану қызметі мен келісімшарттан тыс пайдалану қызметі арасында бөлуге жатпайтын;

5) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілетін активтер болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілетін өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар жатады.

3. Мұндай ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар бір мезгілде мынадай талаптарға сай келсе:

1) салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасы талаптарына сәйкес негізгі құралдар ретінде есепке алынса;

2) реконструкциялауды, жаңғыртуды жүзеге асырғаннан кейін пайдалануға берілетін салық кезеңінен кейінгі кемінде үш салық кезеңі ішінде кіріс алуға бағытталған қызметінде пайдалануға арналса;

3) реконструкциялауды, жаңғыртуды жүзеге асыру кезеңінде уақытша

пайдаланудан

шығарылса;

4) егер жер қойнауын пайдаланушыларға берілген құқықта өзгеше көзделмесе, олардың пайдаланылу ерекшеліктеріне қарай жер қойнауын пайдалануға қызметті келісімшарт (келісімшарттар) бойынша жүзеге асырумен тікелей себеп – салдарлық байланысы бар активтер болып табылмаса;

5) егер жер қойнауын пайдаланушыларға берілген құқықта өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушының осы активтер бойынша салықтық есепке алуда шеккен шығындары жер қойнауын келісімшарт (келісімшарттар) бойынша пайдалану қызметі мен келісімшарттан тыс пайдалану қызметі арасында бөлуге жатпаса, өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға кеткен кейінгі шығыстар нақ сол салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылуға тиіс.

Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін негізгі құралдарды реконструкциялау, жаңғырту — кейінгі шығындардың түрі, олардың нәтижелері бір мезгілде:

- негізгі құрал конструкциясын өзгерту, оның ішінде жаңарту;
- негізгі құрал қызметінің мерзімін үш жылдан аса ұзарту;
- негізгі құралдың техникалық сипаттамаларын осы негізгі құралды реконструкциялауды, жаңғыртуды жүзеге асыру үшін уақытша пайдаланудан шығарылған күнтізбелік айдың басындағы оның техникалық сипаттамаларымен салыстырғанда жақсарту болып табылады.

4. Мыналардан:

сауда ғимараттарынан (осындай ғимараттардың бір бөлігінен);
мәдени-ойын-сауық мақсаттағы ғимараттардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен);

қонақүйлер, мейрамханалар ғимараттарынан және қысқа мерзімде тұруға, қоғамдық тамақтандыруға арналған басқа да ғимараттардан (осындай ғимараттардың бір бөлігінен);

офистік ғимараттардан (осындай ғимараттардың бір бөлігінен);
автомобильдерге арналған гараждардан (осындай ғимараттардың бір бөлігінен);

автотұрақтардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен) басқасы өндірістік мақсаттағы ғимараттарға преференцияларды қолдану мақсаттарына тұрғын үй емес ғимараттар (тұрғын үй емес ғимараттардың бір бөлігі) жатады.

Өндірістік мақсаттағы құрылыстарға преференцияларды қолдану мақсаттары үшін спортқа және демалыс орындарына, мәдени-ойын-сауық, қонақүйлерге, мейрамханаға, әкімшілік мақсаттарына, автомобильдердің тұрақтары мен қойылатын орындарына арналған құрылыстардан басқа құрылыстар жатады.

5. Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының аумағында жаңадан тұрғызылған ғимаратты (ғимараттың бір бөлігін) бірінші пайдалануға беру:

құрылыс мердігері шартын жасасу жолымен құрылыс салған кезде — ғимаратты (ғимараттың бір бөлігін) пайдалануға беру актісіне мемлекеттік қабылдау комиссиясы қол қойғаннан кейін құрылыс салушының құрылыс

объектісін тапсырыс берушіге тапсыруы;
қалған жағдайларда — ғимаратты (ғимараттың бір бөлігін) пайдалануға беру актісіне мемлекеттік қабылдау комиссиясының қол қоюы болып табылады.

Преференцияларды қолдану мынадай әдістердің бірімен жүзеге асырылады. Олар:

- 1) объект пайдалануға берілгеннен кейінгі шегерім әдісі;
- 2) объект пайдалануға берілгенге дейінгі шегерім әдісі.

Объект пайдалануға берілгеннен кейінгі шегерім әдісін қолдану преференция объектiсiнiң бастапқы құнына салық төлеуші осы объект пайдалануға берілген күнге дейін шеккен шығындар айқындалған кейін, бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салық кезеңі ішінде тең үлеспен немесе пайдалануға беру жүзеге асырылған салық кезеңінде біржолғы шегерімге жатқызуды білдіреді. Пайдалануға берілген күнге дейін шеккен шығындарға: объектiнi сатып алуға, оны өндiруге, салуға, монтаждауға және орнатуға жұмсалған шығындар және Салық Кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылуға жатпайтын шығындарды (шығыстарды) жатқызуға болады.

Объект пайдалануға берілгенге дейінгі шегерім әдісін қолдану преференция объектілерін салуға, өндiруге, сатып алуға, монтаждауға және орнатуға жұмсалған шығындарды, сондай-ақ өндiрiстiк мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға берілгенге дейін осындай шығындар іс жүзінде жүргізілген салық кезеңінде оларды реконструкциялауға, жаңғыртуға жұмсалған келесі шығыстарды шегерімге жатқызуды білдіреді.

Егер преференциялар қолданылған өндiрiстiк мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға берілген салық кезеңінен кейінгі үш салық кезеңі ішінде мына жағдайлардың бірінде:

1) салық төлеуші Инвестициялық салық преференциялары ережелерінің бұзылуына жол берсе;

2) преференцияларды қолданған салық төлеуші немесе мұндай салық төлеуші қайта ұйымдастырылған жағдайда оның құқық мирасқоры преференцияларды қолданылмайтын ережелерінің кез келгеніне сәйкес келетін жағдай туындаса, преференциялар қолданылған кезінен бастап жойылады және салық төлеуші олар қолданылған әрбір салық кезеңі үшін преференциялар сомасына шегерімдерді азайтуға міндетті.

Салық төлеуші преференция объектілерін, сондай-ақ өндiрiстiк мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға жұмсалған келесі шығыстарды есепке алуды

солар бойынша преференциялар қолданылған өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға берілген салық кезеңінен кейінгі үш салық кезеңі ішінде тіркелген активтерден бөлек жүзеге асырады.

Преференция объектілері және өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңартуға жұмсалған келесі шығыстар преференциялар қолданылған әрбір объект бойынша ескеріледі.

Осы жерде салық ставкасына тоқталып кетсек,

2009 жылдың 1 – інші қаңтарынан бастап – 20 %.

2010 жылдың 1 – інші қаңтарынан бастап – 17,5%.

2011 жылдың 1– інші қаңтарынан бастап – 15% – ға түсірілді.

Салық төлеуші ауыл шаруашылығы өнімін, бал ара шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі, сондай-ақ өзі өндірген аталған өнімді қайта өңдеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырғандағы табыс және резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстарын қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын табыстар төлем көзінен 10 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

Енді осы Корпоративтік табыс салығы сомасын есептеуге келсек,

1. Таза табысқа салынатын корпоративтік табыс салығын және төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын қоспағанда, корпоративтік табыс салығы салық кезеңі үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Салық кодексінде көрсетілген (10% немесе 15%) ставканың және Салық салынатын табысты азайту барысында табыстар мен шығыстар сомасына, сондай-ақ осы кодекстің ережелеріне сәйкес ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын табыстың көбейтіндісі алу корпоративтік табыс салығының шетелдік салықтың есебіне жатқызу жүзеге асырылатын сомасы алу

салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталынған корпоративтік табыс салығының осы есептеудің екінші негізіне сәйкес есебіне жатқызу жүзеге асырылатын сомасы алу

сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталынған корпоративтік табыс салығының осы есептеудің үшінші негізіне сәйкес өткен салық кезеңдерінен ауыстырылған сомасы алу

салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталынған корпоративтік табыс салығының осы есептеудің екінші негізіне сәйкес есебіне

жатқызу жүзеге асырылатын сомасы.

2. Бюджетке төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы бұл салықты төлем көзінен ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде төлем көзінен ұтыс, сыйақы түріндегі табыстан ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына азайтылады.

Бұл ережелер төлем көзінен депозиттер бойынша сыйақы түріндегі табыстан ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша, қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымға, коммерциялық емес ұйымдарға қолданылмайды.

3. Егер төлем көзінен сыйақы түріндегі табыстан ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы бюджетке төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасынан артық болса, табыс көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы мен бюджетке төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы арасындағы айырма кейінгі он салық кезеңін қоса алғандағы кезеңге ауыстырылады және осы салық кезеңдерінің бюджетіне төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы бірте – бірте азайтылады.

Инвестициялық салық преференцияларын қолдану мерзімі қоғамның экономикалық даму аясындағы әрбір жекелеген жағдайларға байланысты тартылған тіркелген активтерге қатысты инвестициялар көлемі мен олардың өзін – өзі өтеу жағдайларына қарай айқындалады, және аталған преференция заң жүзінде нақтылы көрсетілген күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Көріп отырғанымыздай қазіргі Салық кодексіне сәйкес жер салығына және мүлік салығына жеңілдіктер көрсетілмеген, тек корпорациялық табыс салығына инвестициялық салық преференциялары беріледі деп көрсетілген.

Ендігі кезекте ҚР – ның Кеден одағының кеден кодексіне негізделген кодексін қарастырып өтсек, бұл жерде инвесторларға кедендік төлемдер мен салықтарға жеңілдіктер беру арқылы инвестициялық саясатты қолдап отыр.

Кедендік төлемдер мен салықтарға:

- 1) кедендік әкелу бажы;
- 2) кедендік әкету бажы;
- 3) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде өндіріп алынатын қосылған құн салығы;
- 4) кеден одағының кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде өндіріп алынатын акциз (акциздер);
- 5) кедендік алымдар (тауарларды кедендік декларациялау үшін, алып жүру үшін кедендік алымдар, алдын ала шешім үшін төлем) жатады.

Кедендік салық дегеніміз түсінікті, ал кедендік баж дегеніміз кеден органдары тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты өндіріп алатын міндетті төлем. Тауарларды шығарумен, тауарларды кедендік алып жүрумен байланысты іс – әрекеттер жасағаны, сондай – ақ осы кеден Кодексінде белгіленген өзге де іс – әрекеттер жасағаны үшін кеден органдары өндіріп алатын міндетті төлемдер кедендік алымдар болып табылады.

Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер:

- 1) тарифтік преференциялар;
- 2) тарифтік жеңілдіктер (кедендік баждарды төлеу бойынша жеңілдіктер);
- 3) салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер;
- 4) кедендік алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктер түсініледі.

Кедендік алымдарды салудан төмендегі жағдайларда босатылады:

1) жүктерді, багажды және жолаушыларды тұрақты халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдары, сондай-ақ жол жүру кезінде, аралық аялдама пункттерінде оларды пайдалануға қажетті немесе осы көлік құралдарының авариясын (бұзылуын) жоюға байланысты шетелден сатып алынған материалдық-техникалық жабдықтау заттары, керек – жарақтар , отын, азық – түлік және басқа мүлік;

2) теңіз кәсіпшілігін жүргізетін Қазақстан теңіз кемелерінің немесе қазақстандық тұлғалар жалдаған (жалға алған) теңіз кемелерінің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерге әкетілетін материалдық – техникалық жабдықтау заттары, керек-жарақтар, отын, азық – түлік және басқа мүлік, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін кәсіпшілік өнімдері;

3) ұлттық және шетел валютасының банкноттары мен монеталары (мәдени – тарихи құндылық болып табылатын банкноттар мен монеталардан басқа), сондай – ақ бағалы қағаздар;

4) акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін басқа тауарлар;

5) акцизделетін тауарларды қоспағанда, техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері, халықаралық ұйымдар желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін (медициналық мақсаттар үшін арнайы жасалған жеңіл автомобильдерден басқа) тауарлар;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдары ақша белгілерін жасау үшін әкелетін шикізат;

7) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің, консулдық мекемелердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналының жеке пайдалануы үшін әкелінетін және әкетілетін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес алым салудан босатылатын тауарлар;

8) мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік ресіміне мәлімделген тауарлар;

9) мемлекеттердің, мемлекет үкіметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған халықаралық ұйымдардың желісі арқылы берілген гранттардың қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар босатылады.

Жоғарыда көрсетілген кедендік алымдар салудан босату үшін құжаттарды табыс ету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ал, тарифтік преференцияларға келсек,

1. Мемлекеттерге кедендік баждардан босату не оның ставкаларын төмендету немесе тауарларды преференциялық әкелуге (әкетуге) квота белгілеу нысанында берілетін сыртқы экономикалық қызмет саласындағы арнайы артықшылықтар тарифтік преференциялар деп түсініледі.

2. Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасымен еркін сауда аймағын құратын мемлекеттерден шығарылатын тауарлар, сондай – ақ кеден одағының кедендік аумағынан көрсетілген мемлекеттерге әкетілетін және Қазақстан Республикасынан шығатын тауарлар кедендік баждарды салудан босатылады.

3. Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін және преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы мемлекеттерден шығатын тауарларға төмендетілген ставкалар бойынша кедендік баждар салынады. Мұндай мемлекеттердің және тауарлардың тізбесі, сондай – ақ кедендік баждардың ставкасын төмендету деңгейі Кеден одағы комиссиясының шешімдерімен бекітіледі.

4. Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін және преференциялар жүйесін пайдаланатын неғұрлым төмен дамыған мемлекеттерден шығатын тауарлар кедендік баждарды салудан босатылады. Мұндай мемлекеттер мен тауарлардың тізбесі Кеден одағы комиссиясының шешімдерімен бекітіледі.

Кедендік саясаттың өзі де инвестициялық саясатты қолдауда. Жоғарыдағы ережелерде көрсетіліп отырғандай, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуде жеңілдіктер беру арқылы осы саясатты жүзеге асыруда.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру;
- жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларды, технологиялық парктерді, индустриялық аймақтарды және жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру және дамыту;
- бюджет қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Ал осы жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының міндеті болып, инвестициялық және бизнес – жобаларды әзірлеу жөніндегі қызметтерді, консультациялық және басқа да қызметтер көрсету болып табылады.

8-тақырып. Инвестициялық дауларды шешу.

9-тақырып. Жер қойнауына инвестициялар салуды құқықтық реттеу.

Жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін салықтар мен арнаулы төлемдерге: үстеме пайда салығы; экспортталынатын ішкі мұнайға салынатын рента салығы; бонустар; роялти; өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жатады[17].

Аталған салықтар мен арнаулы төлемдер және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер пайда болған кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы салық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен міндетті салық сараптамасынан өткен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық салу шарттары олардың қолданылуының белгіленген бүкіл мерзімі ішінде сақталады және қолданылады әрі Қазақстан Республикасы салық заңдарының өзгеруіне байланысты тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

Өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген салық салу шарттары келісім-шартқа қол қойылған (жасалған) күні қолданылатын жеке және заңды тұлғалардың салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін Қазақстан республикасының салық заңдарының ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Салық сараптамасы жүргізілген еүн мен өнімді бөлу туралы келісім-шартқа қол қойылған күн аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының салық заңдары өзгерген жағдайда қайтадан сараптама жүргізіле отырып, салық режимі осы өзгерістерге сәйкес келтіріледі.

Бірнеше салық төлеуші жер қойнауын пайдалануды өнімді бөлу туралы бір келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жағдайда осы келісім-шартта белгіленген салық режимі олардың барлығы үшін ортақ болып табылады.

Осындай келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық төлеушілер салық салу мақсатында бірыңғай шоғырландырылған есеп жүргізуге және келісім-шартта белгіленген барлық салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

Бір келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын резидент емес қойнауын пайдаланушыларға келісім-шартта белгіленген салықтар бойынша Салық кодексінің 184-186 баптарына сәйкес салық салынуға тиіс.

Келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу және осы келісім-шарт аясынан тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы бөлек есеп жүргізуге міндетті[18].

Қазіргі уақытта жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттары мен мемлекеттің салық салу аясында салық режимінің екі үлгісі қолданылады.

Бірінші үлгі өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есепке алмағанда Салық кодексінде көзделген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін бюджетке төлеуді көздейді.

Екінші үлгі жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ Салық кодексінде көзделген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерінің бюджетке төленуін көздейді. Алайда олардың қатарына экспортталған шикі мұнайға салынатын рента салығы, газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнайға салынатын акциз және мүлік салығы қосылмайды.

Салық кодексінің 283-бабында көрсетілген екінші үлгі бойынша салық салу шарттары өнімді бөлу туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жасалған келісім-шартта ғана айқындалады.

Үстеме пайда салығы

Үстеме пайда салығы заң жүзінде көзделген белгілі бір жағдайға орай оны төлеу міндеттілігі туындайтын, төлеушілері жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын фискальдық (мәжбүрлі) алыным нысаны ретінде роялти, бонустар сияқты және тағы басқа да міндетті төлемдер қатарынан көрініс табады[19].

Үстеме пайда салығын төлеушілерге салықтық кезеңде тапқан таза пайдаларының шегірімге қатысты нормасының деңгейін 20 проценттен асыруларына байланысты нақты келісім-шарттар бойынша үстеме (қосымша) табысқа қол жеткізген жер қойнауын пайдаланушылар жатады.

Бұл ретте заң шығарушының айтқанын ескерсек, өнімді бөлу туралы келісім-шарттарында және кеңінен таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларын өндіруге, сондай-ақ барлау мен өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша тиісті қызметтерін жүзеге асыратындарды есепке алмағанда, келісім-шарттары бойынша пайдалы қазбалардың басқа да түрлерін өндіруді көздемейтін жер қойнауын пайдаланушылар үстеме пайда салығының төлеушілері болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушының жинақталған табыстардың жинақталған шығыстарға қатынасы 1,2-ден жоғары болған салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша таза табысының бір бөлігі үстеме табысқа салық салу объектісі болып саналады.

Жер қойнауын пайдаланушының әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша салық кезеңіндегі таза табысының салық кезеңінің аяғына Салық кодексінің 92-103, 105-114-баптарында көзделген шегерімдер сомасының 20 процентінен асатын бөлігі салық базасы болып табылады.

Салық кодексінің 308-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың таза табыстары бөлігіне:

Жинақталған табыстардың жинақталған шығыстарға қатынасының алынған мәні	Ставкасы
1,2-ден кем	0 процент
1,2-ден 1,3-ке дейін	10 процент
1,3-тен 1,4-ке дейін	20 процент
1,4-тен 1,5-ке дейін	30 процент
1,5-тен 1,6-ға дейін	40 процент
1,6-дан 1,7-ге дейін	50 процент
1,7-ден жоғары	60 процент

мөлшерінде салық ставкалары белгіленеді.

Жинақталған табыстар мен жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалған күннен бастап алған жиынтық жылдық табысының сомасы ретінде, ал жинақталған шығыстар жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалған күннен бастап шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы ретінде айқындалады.

Үстеме пайда салығының сомасы қазақстандық кадрларды оқытуға нақтылы жұмсалған шығындардың немесе тіркелген активтер өсімінің сомасына түзетіледі, бірақ ол салық базасының он процентінен аспауға тиіс.

Күнтізбелік жыл үстеме пайда салығы үшін есепті кезең болып табылады. Жер қойнауын пайдаланушылар салық органдарына үстеме пайда салығы жөніндегі декларацияны салық кезеңінен кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей табыс етеді. Үстеме пайда салығы сол салық кезеңінен кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірілмей төленуге тиіс.

Экспортталған шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы

Шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа өткізетін (шығаратын) жеке және заңды тұлғалар, өнімді бөлу туралы келісім-шарттар жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, экспортталатын шикі мұнайға және газ конденсатына салынатын рента салығының төлеушілері болып табылады[20].

Экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын салу объектісі болып саналады.

Экспортқа іс жүзінде өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі оларды тасымалдауға жұмсалған салық төлеушінің шығыстарын шегере отырып, шикі мұнайды газ конденсатының сапасына төмендетілген баға (үстеме баға) ескерілген нарықтық бағасын негізге алып есептелген экспортталатын шикі мұнайды газ конденсатының құны экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын есептеу базасы ретінде айқындалады.

Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығының ставкалары ҚР Салық кодексінің 278-4-бабына сәйкес:

Нарықтың бағасы	Ставкасы
бір баррель үшін 19 АҚШ долларынан кем	0 процент
бір баррель үшін 19-дан 20 АҚШ долларына дейін	1 процент
бір баррель үшін 20-дан 21 АҚШ долларына дейін	4 процент
бір баррель үшін 21-ден 22 АҚШ долларына дейін	7 процент
бір баррель үшін 22-ден 23 АҚШ долларына дейін	10 процент
бір баррель үшін 23-тен 24 АҚШ долларына дейін	12 процент
бір баррель үшін 24-тен 25 АҚШ долларына дейін	14 процент
бір баррель үшін 25-тен 26 АҚШ долларына дейін	16 процент
бір баррель үшін 26-дан 27 АҚШ долларына дейін	17 процент
бір баррель үшін 27-ден 28 АҚШ долларына дейін	19 процент
бір баррель үшін 28-ден 29 АҚШ долларына дейін	21 процент
бір баррель үшін 29-дан 30 АҚШ долларына дейін	22 процент
бір баррель үшін 30-дан 31 АҚШ долларына дейін	23 процент
бір баррель үшін 31-ден 32 АҚШ долларына дейін	25 процент
бір баррель үшін 32-ден 34 АҚШ долларына дейін	26 процент
бір баррель үшін 34-тен 36 АҚШ долларына дейін	28 процент
бір баррель үшін 36-дан 37 АҚШ долларына дейін	29 процент
бір баррель үшін 37-ден 38 АҚШ долларына дейін	30 процент
бір баррель үшін 38-ден 40 АҚШ долларына дейін	31 процент
бір баррель үшін 40 АҚШ долларынан астам	33 процент

мөлшерінде белгіленеді.

Салық төлеуші экспортқа шығарған шикі мұнай, газ конденсаты сапасының көрсеткіштері магистральдық құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай, газ конденсаты қоспалары көрсеткіштерінен төмен болса, осындай шикі мұнай, газ конденсаты бағасы сапасына қарай арзандатылады. Сонымен қатар салық төлеушінің шикі мұнайы, газ конденсаты сапасының көрсеткіштері магистральдық құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай, газ конденсаты қоспалары көрсеткіштерінен жоғары болса, шикі мұнай сапасына үстеме баға қойылады.

Экспортталынатын шикі мұнайды, газ конденсатының рыноктық бағасын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Экспортқа шығарылатын шикі мұнайға және газ конденсатына рента салығын төлеу бойынша саллық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады, ал декларация тіркелген орнындағы салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей табыс етіледі.

Салық төлеуші аталған рента салығының есептелген сомасының салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей республикалық бюджетке төлеуге міндетті.

Бонустар

Бонустар пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге және өндіруге байланысты жер қойнауын пайдалану мақсатында жасалған келісім-шартта бекітілген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы төлейтін тіркелген төлемдер болып табылады[21].

Жер қойнауын пайдаланушылар тиісті келісім-шарттарында көзделген қызметтерді жүзеге асыруларына орай бонустардың мынадай түрлерін: қол қойылатын бонусты және коммерциялық табу бонусын төлейді.

Қол қойылатын бонус келісім-шарттың ауқымындағы аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметтерін жүзеге асыру құқығын алғаны үшін жер қойнауын пайдаланушы төлейтін біржолғы тіркелген төлем болып табылады.

Қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін пайдалы қазбалардың көлемі мен кен орнының экономикалық құндылығы ескерілетін есептеу негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшерін жер қойнауын пайдалануға құқық алуға өткізілген инвестициялық бағдарламалар конкурсының нәтижелері бойынша комиссия белгілейді және ол жер қойнауын пайдалану үшін берілетін кен орындарының (келісім-шарт аумақтарының) экономикалық құндылығы есепке алынып, келісім-шартта бекітіледі, сонымен қатар аталған бонустың түпкілікті мөлшері бастапқы мөлшерлерден төмен болмауы керек.

Қол қойылатын бонус келісім-шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей бюджет кірісіне төленіледі. Жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонус жөніндегі декларацияны өздері тіркелген жері бойынша салық органына төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі айдың 15-іне дейін табыс етеді.

Коммерциялық табу бонусы келісім-шарт ауқымының шегіндегі аумақтарда жасалынған әрбір коммерциялық табу үшін, оның ішінде кен орындарына қосымша бақылау (табылған пайдалы қазбаларды кейіннен өндіруді көздемейтін бақылау есепке алынбайды) жүргізу барысында табылған өндіру үшін экономикалық жағынан тиімді пайдалы қазбалардың нақтылы түрлерінің қорлары, сондай-ақ келісім-шарттар мен техникалық-экономикалық есептеулерде бастапқы айқындалған алынатын қордың мөлшерін арттырғаны үшін белгіленетін тіркелген төлем, яғни нақты жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін арнаулы міндетті төлем болып табылады.

Коммерциялық табуға келісім-шарт аумағының шегінде ашылған және оларды өндіру экономикалық жағынан тиімді болып табылатын пайдалы қазбалардың белгілі бір түрлерінің қорлары жатады.

Коммерциялық табу бонусы бойынша салық салу объектісі кен орнынан алынатын пайдалы қазбалар қорының көлемі болып табылады. Пайдалы қазбалар қорының көлемін коммерциялық табу бонусының мөлшерін есептеп шығару мақсатында Қазақстанда Республикасы Үкіметі бекітеді.

Осы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен пайдалы қазбалар қорының көлемінің құны коммерциялық табу бонусын есептеу базасы болып табылады.

Алынатын қордың құны осы пайдалы қазбаның төлемі жүзеге асырылған күнгі халықаралық (Лондон) биржада белгіленген биржалық баға бойынша есептеледі.

Пайдалы қазбаларға биржалық баға белгіленбеген жағдайда шығарылатын қордың құны құзіретті орган бекіткен жұмыс бағдарламасында көрсетілген өндіруге жұмсалатын жоспарлы шығындардың жоспарлы рентабельдік мөлшеріне түзетілген сомасынан айқындалады.

Коммерциялық табу бонусының ставкасы жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір келісім-шарттардағы жекелген жағдайларға орай жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыру кезінде тиісті коммерциялық табу бойынша алынатын қорлардың бекітілген құнына (есептеу базасына) 0,1 проценттен кем болмайтындай мөлшерде белгіленеді.

Коммерциялық табу бонусы кен орнындағы пайдалы қазбалар қорының шығарылатын көлемін уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен күннен бастап 90 күннен кешіктірмей төленеді.

Коммерциялық табу бонусын төлеу мерзімі келісім-шартта айқындалып, белгіленеді. Жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияны өзі тіркелген жердегі салық органына төлем мерзімі басталған айдан кейінгі айдың 15-іне дейін табыс етеді.

Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық

Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық- пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалануға берілген құқық үшін жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін арнаулы төлем болып табылады. Жер қойнауын пайдаланушы роялтиді Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін пайдалы қазбалардың әр түрі бойынша жеке-жеке төлейді[22].

Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленген роялти негізінен ақшалай нысанда белгіленген роялти құзіретті орган мен жер қойнауын пайдаланушының арасында жасалған қосымша келісімнің негізінде баламалы түрде заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін.

Роялти төлеушілерге есепте кезеңде пайдалы қазбалар өндіруді, сондай-ақ техногендік минералды құрылымдарды қайтадан өңдеу барысында пайдалы қазбалар алдуы олардың өткізілгеніне немесе өткізілмегеніне қарамастан жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жатады.

Демек, бұл ретте өндірілген пайдалы қазбалардың сатып алушыға өткізілгені-өткізілмегені және өз қажетіне пайдаланғаны есепке алынбайды.

Пайдалы қазбалардың өндіріліп алынған көлемі немесе нақтылы өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлық өнімдердің көлемі өндірілген пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти алынатын объект болып табылады. Роялти мөлшерін белгілеу кезінде роялти алу объектісі мен есептеу базасы және және роялти ставкасы негізе алынады.

Алғашқы тауарлық өнімдер қатарына: мұнай, табиғи газ және газ конденсаты; көмір және жанғыш тақтатастар; тауарлық кендер; жерасты сулары, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткен сулар; слюда, асбест, құрылыс материалдарын өндіруге арналған шикізат; металлургияға арналған кен емес шикізат сияқты пайдалы қазбалар; қымбат бағалы металдар, құмда, кенде және концентратта болатын металдар; қара, түсті, сирек кездесетін және радиоактивті металдардың, кен-химия шикізаттарының концентраттары; қымбат бағалы заттар, бастапқы өңдеуден өткен жарқырауық тас және пьезооптикалық шикізат; басқа пайдалы қазбалар бойынша – бастапқы өңдеуден өткен минералдық шикізат жатқызылуы мүмкін.

Салық кодексінің 299-бабына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың құны роялтиді есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Газ конденсатын қоса алғанда, мұнай бойынша – қызметтің күнтізбелік әрбір жылы үшін, газ конденсатын қоса алғанда, мұнайдың жинақталған өндірілімінің көлеміне байланысты айқындалған процент ретінде жылжымалы шкала бойынша және мынадай:

500 000 тоннаға дейін - 2 процент;

500 000-нан 1 000 000 тоннаға дейін – 2,5 процент;

1 000 000-нан 1 500 000 тоннаға дейін – 3 процент;

1 500 000-нан 2 000 000 тоннаға дейін – 3,5 процент;

2 000 000-нан 2 500 000 тоннаға дейін – 4 процент;

2 500 000-нан 3 500 000 тоннаға дейін – 4,5 процент

3 500 000-нан 4 500 000 тоннаға дейін – 5 процент

4 500 000-нан 5 000 000 тоннаға дейін – 5,5 процент

5 00 000 тоннадан жоғары – 6 процент ставка бойынша төленеді. Егер газ тәріздес көмірсутектерді сұйық көмірсутектермен бірге жер бетіне шығару көзделген жағдайда, роялтиді есептеу мақсатында осындай газ тәріздес көмірсутектер мынадай арақатынас арқылы мұнайға ауыстырылады: газ тәріздес көмірсутектерінің 1 мың текше метрі мұнайдың 0,857 тоннасына сәйкес келеді.

Алтынды, күмісті, платинаны, басқа да қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды қоса алғанда, қатты пайдалы қазбалар үшін роялти – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ставкалар бойынша төленеді.

Кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларына қатысты роялти Салық кодексінің 300-бабында белгіленген ставкалар бойынша төленуге тиіс.

Роялтиді есептеу мақсатында, алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асыт сулары мен пайдалы қазбалардың құны өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің салық кезеңіндегі орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып, жанама салықтар мен оларды сату (тиеп жөнелту) пунктіне дейін тасымалдауға кеткен іс жүзіндегі шығыстар сомасы есепке алынбай айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген алтынның, күмістің және платинаның құны Халықаралық (Лондон) биржада салық кезеңі ішінде қалыптасқан осы металдардың орташа құны негізге алына отырып есептеледі.

Алғашқы тауарлары өнім сатылмаған жағдайда, платинаны және кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны осындай сату орын алған соңғы салық кезеңіндегі алғашқы тауарлы өнімінің орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып айқындалады. Ал алғашқы тауарлы өнім мүлде сатылмаған кезде алтынды, күмісті, платинаны және кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнайды, жер асты суларын өндіруге және көрсетілген пайдалы қазбаларды өндіруге салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алынып айқындалады.

Келесі сату жағдайында жер қойнауын пайдаланушы алғашқы тауарлы өнімнің іс жүзінде сатылған бағасын негізге ала отырып, алғашқы сату орын алған салық кезеңінде есептелген роялти сомаларына түзету жүргізуге міндетті.

Кең таралған пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнім сатылмаған кезде немесе оларды толығымен өз қажеттері үшін пайдаланған жағдайда, кең таралған пайдалы қазбалардың құны жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельдік нормасына ұлғайтылған, өндіру мен бастапқы өндеуде әс жүзінде қалыптасқан шығындар сомасы негізге алынып айқындалады.

Газ тәріздес көмірсутектерді одан әрі өңдеу үшін өтеусіз берген жағдайда, осындай көмірсутектерінің құны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, оларды өндіру мен бастапқы өндеуге іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады. Бұл орайда, газ тәріздес көмірсутектері бойынша роялти ставкаларын айқындау үшін Салық кодексінің 297-бабында айқындалған ауыспалы коэффициент пайдаланылады.

Жер асты суларын шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі компоненті ретінде пайдаланған жағдайда, өндірілетін жер асты суларының құны салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, оларды өндіру мен бастапқы өндеуге іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізінде айқындалады.

Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық мөлшері салық салу объектісі, есептеу базасы мен ставка негізге алына отырып белгіленеді.

Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық есептеу үшін: өндіріліп алынған пайдалы қазбалардың көлемі немесе Салық кодексінің 298-бабында белгіленген нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің көлемі салық салу болып табылады.

Салық кодексінің 299-бабына сәйкес белгіленген пайдалы қазбалардың құны роялтиді есептеу базасы болып табылады;

Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық ставкасы жоба экономикасы негізге алына отырып, келісім-шартта, кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын қоспағанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша белгіленеді. Бұл ретте роялтидің ең төменгі ставкасы 0,5 проценттен кем болмауға тиіс.

Көмірсутектері бойынша роялти ставкалары өндірілу көлеміне қарай белгіленген процнет ретінде жылжымалы шкаламен мынадай екі әдістің бірі бойынша: келісім – шарт бойынша қызметтің әрбір жекелеген жылы ішінде жинақталған өндіру деңгейіне қарай белгіленеді.

Алтынды, күмісті, платинаны, басқа да бағалы металдар мен асыл тастарды қоса алғанда, қатты пайдалы қазбалар бойынша роялти ставкалары келісім- шарт қолданылатын бүкіл кезеңге тіркелген процент түрінде белгіленеді.

Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти ставкасы Салық кодексінің 300-бабына сәйкес белгіленеді.

Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық есептеу мақсатында жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңінде өндірген пайдалы қазбалар құны, алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің салық кезеңіндегі орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып, жанама салық пен оларды сату (тиеп жөнелту) пунктіне дейін тасымалдауға кеткен нақты шығындар сомасы есепке алынбай белгіленеді.

Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген алтынның, күміс пен платинаның құны осы металдардың Лондон металл биржасында салық кезеңінде қалыптасқан орташа бағасы негізге алына отырып есептеледі.

Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтиді жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруге жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындар мынадай:

Р/с №	Пайдалы қазбаның атауы	Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық ставкасы, %
1.	Металлургияға арналған руда емес шикізат	1
2.	Қалыпқа салынатын құм, глиноземді жыныс (далалық, шпат, пегматит), әк, доломит, әк-доломот жыныстары	1
3.	Тамақ өнеркәсібіне арналған әк	1
4.	Руда емес басқа шикізат	3,5
5.	Отқа берік саз балшықтар, каолин, вермикулит	3,5
6.	Ас тұзы	3,5
7.	Жергілікті құрылыс материалдары	4,5
8.	Ауа кіретін кеуек жыныстар, құрамында суы бар ауа кіретін шынылар мен шыны тектес жыныстар (перлит, обсидиан), малта тас пен қиыршық тас, қиыршық тасқұм қоспасығ гипс, гипстік тас, ангидрит, гажа, саз балшық және саз балшықтар жыныстар (баяу балқитын және тез балқитын саз балшық, құмды саз балшық, аргиллиттер, алевролиттер, саз балшықты тақтатастар), бор, маргель, маргельді-борлы жыныстар, кремнийлі жыныстар (трепел, опока, диатомит), кварцты-далалық шпатты жыныстар, шой тас, шөгінді, атқылаудан кейінгі және метаморфазалық жыныстар (гранит, базальт, диабаз, мәрмәр), қалыпқа салынатыннан басқа құм (құрылыстық, кварцты, кварцты-далалық шпатты), құм тас, табиғи пигменттер, ұлутас	4,5
9.	Жерасты сулары	10

тіркелген ставкалар бойынша төлейді.

Жер қойнауын пайдаланушы кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық, олардың тұтынушыларға сатылғанына немесе өз қажеттеріне пайдаланылғанына қарамастан төлейді.

Мынадай заңды және жеке тұлғалар:

- 1) жеке тұлғалар өзінің жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінде қндіретін жерасты сулары бойынша, осы сулар сыртқа сатылмайтын және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде өндіріс пен технологиялық қажеттерге жұмсалмаған жағдайда;
- 2) жерасты суларын өзінің шаруашылық қажеттері үшін өндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер;
- 3) жер қойнауын пайдаланушылар өндірілген ілеспе жерасты суларын жер қабатының қысымын қалпында ұстау үшін кері айдағанда роялти төлемейді.

Роялти төлеу бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

Алдыңғы тоқсандағы Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық бойынша орташа айлық төлемдер 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болған жағдайда салық кезеңі тоқсан болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей төлеуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық жөніндегі декларациясын өзі тіркелген жеріндегі салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей табыс етеді.

10-тақырып. Мұнай және газ кен орындары инвестициялық құқықтық қатынастардың объектісі ретінде.

Өнімді бөлу туралы келісім-шарт Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушыға келісім-шарт ауқымының аумағында ақылы негізде мұнай операцияларын қоса алғанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге және осы операцияларды және осы байланысты жұмыстарды өз есебінен белгілі бір мерзімге жүргізуге құқық беретін шарт болып табылады.

Өнімді бөлу туралы келісім-шарт мазмұны мынадай негізгі талаптарды:

- 1) өлшеу орнынан өткен өндірілген өнімнің жалпы көлемін және оның құнын;
- 2) пайдалы қазбаларды пайдаланғаны үшін салық төлегеннен кейін келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға арналған шығындарды өтеу үшін жер қойнауын пайдаланушының меншігіне берілетін өндірілген өнім (өтемдік өнім) бөлігін;
- 3) пайдалы қазбаларды пайдаланғаны үшін мен өтемдік өнім шегеріліп тасталғаннан кейін бөлуге жататын өндірілген өнім (пайда түсіретін өнім) бөлігін;
- 4) Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушының арасындағы бөліс үлесін (процентін);
- 5) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау тәртібін қамтиды.

Өнімді заттай нысанда бөлу бойынша роялти мен Қазақстан Республикасының белгіленген төлемнің ақшалай нысанына баламалы болуға тиіс[23].

Сонымен қатар, роялти мен республика үлесін мемлекет атынан алушы мен өнім бойынша үлесті беру пункті және оларды беру-алу шарттары тиісті келісімде міндетті түрде айқындалады. Сол келісімдердегі жер қойнауын пайдаланушының роялти мен Қазақстан Республикасының үлесіне төлеу есебіне берілетін өнімді беру мерзімдері жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта көзделген төлемдерді ақшалай нысанда төлеу үшін белгіленген төлеу мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі шегеріліп,

Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасында бөліске түсетін пайда түсіретін өнімнің жиынтық құны ретінде айқындалады.

Пайда түсіретін өнімнің құны Салық кодексінің 304-3-бабаның 2-тармағына сәйкес айқындалатын нарықтық бағаның негізінде белгіленеді.

Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау:

К – фактордың (кіріс көрсеткішінің) мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1,2-ден аз немесе соған тең	70 процент
1,5-тен аз немесе соған тең	10 процент

тәрізді мәндер негізінде жүзеге асырылады.

Рентабельділіктің ішкі нормасы (РІН) – жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу туралы келісім-шарт күшіне енген кезден бастап әр есепті кезеңдегі және осындай есепті кезеңді қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының қолма-қол таза ақша ағынының мәні бойынша есептелген таза ағымдағы құны нөлге тең болатын дисконттың жылдық ставкасы ретінде процентпен айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау мақсатында:

Рентабельділіктің ішкі нормасының (РІН) мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің проценттік мәні
12 проценттен кем немесе соған тең	70 процент
20 проценттен кем немесе соған тең	10 процент

тәрізді мәндер пайдаланылады.

Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі:

Р-фактордың коэффициентінің) мәні	(баға	Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің проценттік мәні
бір баррель үшін 12 АҚШ долларынна кем немесе соған тең		70 процент
бір баррель үшін 27 АҚШ долларынна кем немесе соған тең		10 процент

сияқты мәндерді қолдану барысында айқындалады.

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі болып табылатын сома, жер қойнауын пайдаланушының салықтары мен басқа да міндетті төлемдері, қандай да бір салық кезеңінде өндірудің басталған кезінен салынған инвестицияларды қайтару кезіне дейін өндірілген өнімнің жалпы көлемінің жиырма процентінен кем болмауға және келесі кезеңде өндірілген өнімнің жалпы мқлшерінің алпыс процентінен кем болмауға тиіс.

Салық кодексінде өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу жөніндегі салық кезеңі ретінде күнтізбелік ай белгіленген. Салық базасы салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құнының, физикалық жай-күйінің немесе өзге де мән-жайларының сипаттамаларын білдіреді. Олар салық салу затын саны жағынан көрсете отырып, салықтың негізі ретінде бюджетке төленуге тиіс салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасын айқындайды. Демек, салықтық төлемдер сомасы салық базасына белгіленген салық ставкасын қолдану арқылы есептелінеді.

Салық ставкасы салық базасының өлшем бірлігіне деген салық есептеулерінің шамасын білдіреді. Былайша айтқанда салық салу нормасы, яғни салықтың заң жүзінде белгіленген шамасы болып табылады. Салықтың салық төлеушіге түсіретін салмағын бағалау үшін жеңілдіктерді есепке ала отырып толық салық базасына қатысты есептелген салық сомасы ретінде салықтың нақты ставкасы қарастырылады. Салық ставкасы салық базасының өлшем бірлігіне процентпен немесе абсолютті сомамен белгіленеді.

Салық кезеңі жекелеген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі болып табылады,

сондай-ақ ол аяқталған кезде салық базасы айқындалып, бюджетке төленуге тиіс салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сомасы есептелінеді.

Осыған байланысты салық кезеңі деп тиісті заңдарға сәйкес салық төлеушіге арналып, оның салықтарды есептеуіне және төлеуіне, сондай-ақ салық есебін жүргізуіне, салықтық бақылауды жүзеге асыруына қажетті есептеулер мен декларацияларды тапсыру үшін белгіленген уақыт бөлігін айтамыз.

Демек, салық кезеңіне салық базасын қалыптастыру процесін аяқтау және салықтық міндеттеменің мөлшерін түпкілікті айқындай үшін белгіленген мерзімді жатқызуға болады.

Салықтық міндеттемні орындау осы міндеттеменің әрбір субъектісінің міндеттерін құрайтын белгілі бір іс-қимылдарды тиісінше (ойдағыдай) жүзеге асыру болып саналады.

Бұл жерде бірден айта кететін жәйт, салықтық міндеттеме мемлекет ойынан шығатындай, тиісінше және айтарлықтай деңгейде орындалуға тиіс.

Салықтық міндеттемені орындау мақсатында салық төлеуші мынадай іс-әрекеттерді міндетті түрде жүзеге асырады:

- салық органында тіркеу есбіне тұрады;

- салық салу объектілер мен салық салуға байланысты объектілердің есебін жүргізеді;

- салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базалары мен салық ставкаларын негізге ала отырып, бюджетке төленуге тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сомаларын есептеп шығарады;

- салық есебін жасайды және оны белгіленген тәртіп пен мерзімдерде салық органдарына табыс етеді;

- салықтық заңнамада белгіленген тәртіп негізінде және қатаң айқындалған мерзімдерде салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің есептеп шығарылған және есептелген сомаларын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындамаған жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдарды төлейді.

Салықтық міндеттемелердің орындалатын уақыты, орны, тәртібі және тәсілдері күні бұрын әрі нақтылы белгіленетінің білуіміз керек.

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірілемей төленуге тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы осы Қазақстан Республикасына тиесілі үлес жөніндегі декларацияны өзі тіркелген жердегі салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей табыс етеді.

Салық салу жүйесі мемлекеттік билік тармақтарының объективті-субъективтік қызметтерін материалдық түсім көзімен қамтамасыз ететін императивтік (әмірлі) нысан болып табылады. Дүниежүзілік салық салу практикасында әртүрлі салықтар атқаратын ролдерге қарай:

англосаксондық модель;

еуроконтинентальдық модель;

латынамерикалық модель;

аралас модель сияқты базистік салық салу жүйесіне бөлінген.

Англосаксондық салық салу жүйесі негізінен жеке тұлғалардан алынатын тікелей салықтарға сүйенеді.

Еуроконтинентальдық салық салу жүйесі жанама салықтарға бағдарланған

Латынамерикалық салық салу жүйесі көбінесе жанама салықтардың алынуын көздейді.

Аралас салық салу жүйесі заңды тұлғалардан алынатын тікелей және жанама салықтарға, жеке тұлғалардың салықтарына, сондай-ақ тек жанама салықтарға, яғни мемлекеттің нақтылы даму кезеңіне орай құрылымдаған салық жүйесіндегі салық түрлеріне байланысты жұмыс істейді.

Салық салу барысында туындайтын салықтық қатынастар негізінен азаматтық-құқықтық қатынастары басым қоғам өмірінің экономикалық ауқымында қалыптасады. Алайда кәсіпкерлік қызмет пен корпорациялық және жеке меншік мәселелері салықтық құқық реттейтін объектілер қатарына мүлдем жатпайды.

Дегенмен кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі мемлекеттік бюджет кірісіне түсетін салықтардың көрсеткіштеріне тікелей ықпалын тигізетіндіктен салық органдары бухгалтерлік баланс пен бухгалтерлік есепке алу мәліметтеріне жүгінеді.

Бухгалтерлік есепке алу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептеме туралы заң актілерімен, бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен, сондай-ақ ұйымдардың есепке алу саясатымен регламенттелген, кәсіпкерлердің және ұйымдардың операциялары мен жағдайлары (мән-жайлары) жөніндегі ақпараттарды жинау, тіркеу және қорытындылау жүйесін көрсетеді.

Кәсіпкерлер мен ұйымдарға қатысты қаржылық сипаттағы барлық мәмілелер мен жағдайлар осы аталған жүйеде Қазақстан валютасымен

тіркеледі. Бухгалтерлік есеп ақпараттарын пайдаланушылар қатарына нақтылы кәсіпкерлер мен ұйымдардың өзі, олардың инвесторлары мен кредиторлары, мемлекеттік экономикалық және статистикалық органдары, салық органдары және т.б. жатады.

Бұл ретте ескеретін маңызды жәйт, салық органдары тарапынан салық салу мақсатында жүргізілетін есепте – салық есебінде тиісті кәсіпорынның немесе ұйымдардың бухгалтерлік есебінің кейбір мәліметтері ғана пайдаланылады. Салықтық төлемнің сомасын есептеуге қатысты салық салу базасы қандай болсын ұйымның бухгалтерлік есеп мәліметтеріндегі қаржылық нәтижелеріне қарамастан айқындалады.

Әйтсе де салық салу процесінің бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде жүргізілетінін білу қажет. Өйткені бухгалтерлік есеп мәліметтері салық салу мән-жайларына бейімделінеді. Демек, салық салудың бухгалтерлік есепте көрсетілетін кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесіне бағдарланатынын жоққа шығаруға болмайды.

Қазақстан Республикасындағы салық салу айқындылығы нақтылы салық төлеушіге қатысты салықтық міндеттемелердің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заң актілерінде белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Бүгінде Қазақстан Республикасының салық жүйесі өзінің құрылу және жұмыс істеу негізіндегі экономикалық – құқықтық принциптерінде көзделген әлеуметтік – экономикалық басымдылықтарға орай салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді мемлекеттік бюджет шығысының әлеуметтік бағдарына байланысты бөледі. Осындай мән – жайлар тұрғысынан салық жүйесіндегі іс – қимылдарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, орталықта және жергілікті аумақтарда жүргізілетін салық әкімшілігінің негізгі бағыттары, республикалық және жергілікті фискальдық мүдделерді нақтыландыруға қажетті ақпараттар базасы, мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстарын теңдестірудің кешенді принциптері айқындалады.

Сондықтан өнімді бөлу туралы келісім-шарттар негізінде жасалатын келісімдерде, жер қойнауы мемлекеттің меншігі болып табылатындықтан әлеуметтік әділеттілік қағидасына негізделуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен міндетті салық сараптамасынан өткен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық салу шарттары олардың қолданылуының белгіленген бүкіл мерзімі ішінде сақталады және қолданылады әрі Қазақстан Республикасы салық заңдарының өзгеруіне байланысты тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

Өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген салық салу шарттары келісім-шартқа қол қойылған (жасалған) күні қолданылатын жеке және заңды тұлғалардың салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңдарының ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Салық сараптамасы жүргізілген күн мен өнімді бөлу туралы келісім-шартқа қол қойылған күн аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының салық заңдары өзгерген жағдайда қайтадан сараптама жүргізіле отырып, салық режимі осы өзгерістерге сәйкес келтіріледі.

Бірнеше салық төлеуші жер қойнауын пайдалануды өнімді бөлу туралы бір келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жағдайда осы келісім-шартта белгіленген салық режимі олардың барлығы үшін ортақ болып табылады.

Осындай келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық төлеушілер салық салу мақсатында бірыңғай шоғырландырылған есеп жүргізуге және келісім-шартта белгіленген барлық салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

Бір келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын резидент емес қойнауын пайдаланушыларға келісім-шартта белгіленген салықтар бойынша Салық кодексінің 184-186 баптарына сәйкес салық салынуға тиіс.

Келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу және осы келісім-шарт аясынан тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы бөлек есеп жүргізуге міндетті[24].

12-тақырып. Санаткерлік меншік және оған құқық инвестициялық қатынастардың объектісі ретінде.

Зияткерлік инвестициялар – ол әртүрлі деңгейдегі мамандарды даярлауға, сондай –ақ олардың біліктілігін көтеруге, ғылыми зерттеулер жүргізуге және т.б. мақсаттарға бағытталған инвестициялар. Мысалы, қазіргі кезде зияткерлік инвестициялардың ең көп тараған түрлері жоғары білім алу үшін берілетін мемлекеттік және жеке кредиттер болып табылады. “Зияткерлік инвестициялар” ұғымын “әлеуметтік инвестициялар” ұғымына дейін кеңейтуге болады, өйткені екі жағдайда да инвестициялар нысаны әлеуметтік сала болып шығады және негізгі мақсат ретінде әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу көзделеді. (бұл кезде бір мезгілде пайда немес табыс табу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды).

13-тақырып. Инвестициялық-құқықтық қатынастарды халықаралық құқықтық реттеу.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, инвестициялық қатынастарды реттейтін заңдар қабылдаумен бірге, елімізге инвестициялар салушыелдермен инвестицияларды қодау және қорғау жөніндегі екіжақты мемлекет аралық келісімдер жасай бастады. Бұл келісімдердің мақсаты шетелге салынушы меншікті, яғни біздің жағдайымызда инвестицияларды саяси тәуекелдерден сақтандыру болды. Бүгінгі таңда еліміз әлемнің 50-ден астам мемлекетімен осындай келісімдер жасасқан және олардың

көпшілігі Парламентпен бекітілді. Шетелдік инвестицияларды қорғау жөніндегі екі жақты келісімдер халықаралық- құқықтық реттеудің маңызды бөлігін құрайды. Осы екі жақты келісімнің пайда болуына себеп болған, ол яғни жас тәуелсіз мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеуден туған. Өткен ғасырдың 50-60- жылдары Азия және Африка мемлекеттерінің бірқатары тәуелсіздік алағаны белгілі. Осы кезде жас тәуелсіз мемлекеттер және шетел инвесторлары соның ішінде мемлекеттік сақтандыру жүйелерін құру қажет болды. Экспорттық капиталды мемлекеттік сақтандыру жүйесі- ол жеке инвесторлар басқа мемлекетке инвестициялау кезінде өзіне тиесілі капиталды өз мемлекетінде сақтандырады. Бірақ кейбір мемлекеттерде мысалы, АҚШ-та бұл жүйе “квази- халықаралық” мінезді қамтиды, яғни бұл міндетті талап ретінде осы жүйе арқылы екі жақты халықаралық келісімді құрайды. Ал басқа мемлекеттерде екі жақты келісім арқылы жүзеге асатын инвестицияда бұл жүйе міндетті емес.

Тоқсаныншы жылдардағы екі жақты келісімнің мақсаты шетелдік инвестордың мүддесі инвестиция балансының келісімді болуы, мұнда өз капиталын қоятын, мемлекеттік және капитал қабылдап алушы арасындағы мүдделер.

Жалпы алғанда Екіжақты келісімдердің негізгі мазмұндары ұқсас болып келеді, оларда негізінен мынадай мәселелер қарастырылады:

- инвестиция түсінігі;
- инвестор түсінігі, яғни екі мемлекеттің инвестор ретінде кімді танитындығы;
- инвестицияларды қолдау және қорғау;
- инвестициялардың құқықтық режимі;
- экспроприация мәселесі, яғни мемлекет немесе ұлт меншігіне алып қою;
- шығындарды өтеу;
- инвестицияларға байланысты төлемдерді аудару;
- Суброгация;
- Келісуші тараптар арасындағы дауларды шешу;
- Қорытынды ережелер және келісімнің қолдану мерзімі [19].

Екі жақты келісімде инвестициялық қызметте маңызды рөлі бар мына түсініктер берілген, олар: “инвестиция”, “капиталовлажения”, “инвестор”, “кірістер”.

Екі жақты келісім инвестицияны былай белгілейді:

1. Жылжитын және жылжымайтын мүлік түріндегі меншік, және басқа да мүліктік құқықтыр, ипотекалық құқық және кепіл құқы;

2. Үлестік қатысу құқы және басқа да формада қатысу;
3. Инвестицияға тығыз байланысты акция қаражаттарын экономикалық құндылықта пайдаланатын, немесе экономикалық бағалатыны бар қызметті міндеттеуге құқығы бар;
4. Интеллектуалдық меншікке, технология, ноу- хауды қосқанда, өнеркәсіптік үлгілер және тауарлық белгіге құқы;
5. Және басқа да құқықтар, мүліктік құндылықтар, яғни инвестиция ретінде қабылданатын инвестиция жүзеге асырылатын мемлекеттің заңдарына сәйкес және сол мемлекетте жүзеге асырылатын құқықтар.

Кейбір екі жақты келісімдер мысалы ФРГ, Финляндия, Испания, Туркиядағы олар инвестиция деген түсінікті коммерциялық қызметтегі құқық және концессия немесе барлауға, өндіруге немесе табиғи ресурстарды пайдаланудағы құқықтар.

Екі жақты келісімдегі кірістер дегеніміз- ол инвестиция нәтижесінде, пайданы қоса алғанда, дивидент, пайыз, роялти шотына төленетін төлемдер, басқару штафкалары және заңға сәйкес алынған ақша қаражаттары сомалары болып табылады[20].

Осы ораймен пайда табу мақсаты екі жақты келісімде инвестицияның керекті белгісі болып табылады. Екінші жақтан инвестиция категориясы экономикалық және құқықтық болу үшін.

Инвестор ретінде бір тұлға болған жағдайда- мемлекет, инвестиция мағынасы тар түсіндірілді. Ол ақша қаражаттарын, капитал салуды ғана қамтиды.

Қазақстан Республикасымен жасалған инвестицияда келісетін жақтарға екі режимді ұсынады:

1. Қолайлы жағдай режимі
2. Ұлттық режим

Әр инвестор қай режимді таңдауға құқы бар. Қайсысы оған қолайлы болса соны таңдайды [21].

Қазіргі кезде нарық заманына өту кезіндегі қатынасты реттеу уақытында меншікке деген көзқарастың өзгеруіне байланысты инвестиция мағынасы өзгерді. Ол ақша қаражаттарын ғана аталмайды, сонымен қатар мүліктік құқықтар мағынасын білдіреді. Соңғысына байланысты оған қоса міндетті құқықтар да кіргізіледі, сонымен қатар материалдық объектілермен байланысты және материалдық емес интеллектуалдық қызмет нәтижелері де кіреді.

Экономикалық қатынастарды дамыту жолында нормативтік актілерді қабылдау инвестициялық саясатта дүниежүзі экономикасына және халықаралық инвестиция нарығына бұрылуының маңызды қадамы болды және Қазақстанның саясатын алдын-ала белгіледі. Сыртқы экономикалық саясаттағы өзгерістерді тудырды, ішкі және сыртқы саясаттың бірлігі қағидасына сәйкес.

Әрине, мұндай өзгеріс жалпы адамзаттың экономикалық және құқықтық құндылықтарының танылуын білдірді. Бірақ, түбірімен өзгерісті құқықтық мемлекет теориясы тұрғысынан заңға сәйкес нормативтік актілердің қабылдауынан бастау дұрыс емес – “*Lex specialis*”. Бұл көзқарас тұрғысынан жалпы сипаттағы заңдар қабылдануы тиіс – “*Lex generalis*”, нарықтық қатынастарды реттейтін. Басқа сөзбен айтқанда, нарықтық экономикаға өту мен оны дүниежүзі нарықтық экономикасымен байланыстыру үшін, ондай қатынастардың әрекет етуі үшін заңдар қабылдау қажет. Ол үшін біріншіден меншік түрлерінің тең құқықты статусын және нарықтық экономиканың көп укладты әртүрлі субъектілер статусын белгілеу керек. Әйтпесе, инвестициялар туралы талқылағанда меншік құқығы институтын атап тпеуге болмайды, өйткені оны бекітпесе шетелдік инвестициялық циклде белсенді қатысуы жойылады. Меншік құқығын тану шетелдік инвесторға капиталдың қатыстылығын анықтауға өте маңызды. Меншік “шетелдік инвестициялар түсінігінің (дефиниция) міндетті элементі Г.Шварценбергер анықтамасы бойынша, шетелдік инвестициялар бұл біріншіден барлық түрлердегі шетелдік меншік. Бұл меншік белгілі бір капиталды басқа мемлекет территориясында иелену, билік ету және пайдалану құқығымен байланысты.

Қазақста заңдарының иегіде меншік құқығы мамандарының ойынша қазіргі уақытқа дейін дамудың үш кезеңін өтті. Бірінші кезеңі Қазақстанның ССР шегіндегі одақтас республика ретінде шаруашылық жекелігін күшейту мен даму жағдайларында өтті. Екінші кезеңі Қазақстанның егемен мемлекет болу уақытында өтті. Осы бағытталған Қазақстан заңдарының дамуы мен инвестициялардың құқықтық режимін анықтаудың маңызды кезеңі, 15 желтоқсан 1990 жылы қабылданған “Қазақ ССР-де меншік туралы Заңмен байланысты. Заң меншік құқығының түсінігін, құқықтық режимін, меншік иесінің құқықтары мен міндеттерін бекітті [22]. Осылай, меншік иесі заң ережелеріне сәйкес меншік иелену, билік ету және пайдалану құқықтарын басқа тұлғаға бере алды, басқа тұлғаға меншігіне беруге немесе басқаруға және өз меншігіне қатысты, заңға қайшы әрекеттерден басқа әрекеттер жасай

алды. Ол мүлікті кез-келген шаруашылық немесе басқа да қызмтке пайдалана алды, егер заңға қайшы болмаса.

Алғаш рет Қазақ ССР-нің меншік туралы заңында “социалистік, “жалпы халықтық түсінігі қолданылмады. Сонымен бірге заңның оң өзгерісіне ССР-дің меншік туралы Заңның 1-бабының 6-тармағында адамның адамды пайдалану туралы ережесінен бас тартуы жатқызылады.²⁵ Меншік құқығының дамуының үшінші кезеңі нарықтық экономикаға байланысты. Қазақстандағы меншік құқығының даму тарихын зерттеуі аталған құқық пен оның заңдарда бекітілуі экономикалық және саяси жағдайлардың өзгеруімен, қоғамның және мемлекеттің жоспарлы-биліктен нарықтық экономикаға өтуімен, ҚР-ның егемен мемлекет ретінде танылуымен өзгерді. Азаматтық кодекс ғылыми ойлар мен заңмен жеткізілген барлық жақсы жақтарды бекітті. Ол нарықтық экономика талаптары мен дамыған мемлекеттердің заңдарының дәрежесіне жауап береді. Азаматтық кодекстің мәжілісін дайындауда Голландияның құқықы саласы мамандары көмектесті.

Заңның 20-бабына сәйкес 30% шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар салық заңдарымен белгіленген льготалармен (жеңілдіктер) бірге, қосымша жеңілдіктер иеленді. Олар 5 жылдың ішінде табысқа салық төлеуден босатылды және табысқа белгіленген салықты 50% төмендетілген мөлшерде келесі 5 жыл ішінде төлеп отырды. осы заңның әрекет етуі кезеңінде Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың келуі динамикасы өсу жағына өзгерді. 1993 ж. шетелдік инвестициялар 300 млн. доллар көлемінде, ал 1994 ж. (ИФВ бағалауы бойынша) – 330 млн. долл., негізгі бөлігі Теңіз мұнай кен орнына ("ТенгизШевройл"), Француз компаниясы "Эльф Акитен" шартымен Ақтөбе облысы территориясын разведка, Атырау облысының екі учасесінде көмірсутекті анықтау мен зерттеуге бағытталды. Шетелдік тікелей инвестициялардың елеулі өсуіне қарамастан, олардың жалпы көлемі республика экономикасын құрылымды өзгертуді қамтамасыз етуге жеткіліксіз болды. Ал 2010 жылдың басында елімізге тәуелсіздік алған уақыттан бергі сомасы 100 млрд. АҚШ доллары көлемінде келді.

Қазіргі уақытқа дейін – инвестициялардың бұл анықтамасы өте кең болып есептеледі, өйткені ол бір жағынан осы әрекет, ал екінші жағынан инвестицияланатын игілік ретінде сипаттайды.

Іс жүзінде инвестициялар республика мен халық үшін ең елеулі салаларына салынбады. Инвестициялық ресурстар қызмет көрсету және басқа салаларға, капитал бір қызмет аясынан екіншіге өту мүмкіндігі бар салаларға салынды. Жеке инвестициялардың көп салынатын аясы жеңіл және

тамақ өнеркәсібі салалары, капитал салымдары төмен, пайдасы көп және сұранысы бар. Сондықтан инвестициялық дағдарыс (кризис) құрылымды саясатты белгілейтін республикалық базалық салаларында орны алды. Капиталдың салымдар жағар отын өндірісіне 1992 жылы 1991 жылмен салыстырғанда 2,1 есе кеміді, машина құрылысына 2,6 есе кеміді, ал ауыл шаруашылығы салаларына мемлекеттік қорлардың құйынды тез қысқарды. Оның бәрі халық шаруашылығын инвестициялау процесін басқаруда мемлекеттің ролін қайта құру қажеттілігі туралы, мемлекеттің жаңа инвестициялық саясатын құру және нарықтық экономикаға бейімдеу туралы айтты.

Мемлекеттік инвестициялық саясаттың басты ерекшелігі оның инвестициялық белсенділікке экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық әсер етуі табылады. Инвестициялық белсенділіктің төмендеуі жағдайында мемлекеттік инвестициялық саясаты қадетті, маңызды салалардың шектеулі шеңберіне бағытталды. Ұлттық бағдарлама шегінде маңызды бағыттарды қаржыландыруға жұмсалды. ҚР-ның "Экономиканы қайта құру Қоры туралы" және 12 сәуір 1995 ж. №2113-ХІІ ҚР-сы "Инвестицияларды қаржыландырудың қайтармалы жүйесі туралы" Заңдарына сәйкес инвестицияларды қаржыландыру несие беру жолы мен Ұлттық Банк арқылы төменгі проценттік ставка негізінде жүзеге асырылады 29 желтоқсан 2008 жылғы ҚР Министрлер кабинетінің қаулысына сәйкес, ҚР-ның кәсіпкерлікті қолдау және бәкелестікті дамыту қоры оның облыстық бөлімдері ҚР-ның экономиканы қайта құру қорынан бөлінген қаржыны қайтарылмалылық және қаржыландыратын банктермен бірге осы қаржының мақсатты пайдалануы мен уақтылы қайтарылуына бақылау орнату керек.

Инвестицияларға жіберілетін республикалық бюджет қаржылары Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісінің арнайы есеп шотында жиналады және тек қана ҚР-сы кіметі тізімін берген объектілерді қаржыландыруға қайтармалы түрде жұмсалады. Банкілік ұзақ уақытылы несиелер қаржыландыратын банк пен инвестор арасында жасалған несие келісімі негізінде жүзеге асырылады.

Көріп отырғанымыздай маңызды аяларды қаржыландыруды Ұлттық бағдарламаларға сәйкес экономиканы қайта құру қорынан басқа басқа да қайнар көздер қатысады. Тікелей әсер ету шарасымен бірге инвестициялық проектiлердi қаржыландырудың барлық мүмкін көздерін ынталандыру. Осылай, нарықтық қатынастарды қалып-тастыру уақытының тән қасиеті капиталдық салымдарын қаржыландыру қайнар көздерінің

орталықтандырылуы (децентра-лизация), олардың көлемдерінің мемлекеттік емес құрылымдарға бөлінуі.

Барлық бағдарламалар мен жеке немесе шетелдік инвесторлардың қызығушылығын туғызбайды. Мысалы: экологиялық бағдарламалар, жалпы пайдалануға арналған автомобиль жолдары немесе қалалық байланысты қайта құру мен дамыту, жеке капитал үшін қызығушылық тудырмайды, ал халықшаруашылығының қызметі үшін өте қажет.

Мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар көлемі шектелуі тиіс. Оларды қаржыландыру көлемі – реалды. Өзіндік ресурстар мен көздерінің шектелуінде қолдағы қаражатты маңызды бағыттар мен өсудің кілтті нүктелерінде шоғырландыру өте маңызды. арықтық жағдайларда бұрынғы тәжірибені қолдануға болмайды, мемлекеттік капиталды салымдар өндірістің өсуіне әкелгенімен, оның тиімділігіне назар аударған жоқ, банкротты кәсіпорындар құрды. Сондықтан, өзінің капиталымен тәуекел ететін жеке инвесторларды мемлекеттің қолдауы дұрыс. Айтылғанға сәйкес, ұлттық бағдарламаларды қаржыландыруда маңызды роль кәсіпорындардың өзіндік қаржыларына бөлінді. Мемлекеттік инвестициялық саясат шетелдік инвестицияларды тартумен бірге ішкі жеке инвестициялардың тартылуын қамтамасыз етеді – кәсіпорындардың өзіндік қаржылары мен халықтық бос қаржылары. Мемлекеттің басты мақсаты шетелдік капитал мен отандық капиталды өндіріске тарту, кешенді факторлар тудыру, салық, кеден жеңілдіктері т.б. Бұл жеңілдіктер тікелей инвести-циялардың ерекше құқықтық режимін құру керек. Осыған байланысты осындай жеңілдіктерді беретін арнайы нормативтік актілерді құру қажеттілігі туады[23].

Инвестициялар туралы Заңның 13-бабына сәйкес шетелдік және бірлескен кәсіпорындар үшін заң келесі жеңілдіктер түрлерін ұсынды. Шетелдік және бірлескен кәсіпорындар жарияланған пайданы алғаннан бастап 2 жылдан 5 жылға дейін пайдаға салық төлеуден босатылды; халық тұтынуы үшін, медициналық техника мен дәрі-дәрмек ренивестицияланған пайдаға салық төлеуден босатылды; жергілікті еңбек ресурстары үшін төлемдерден, Қазақстан территориясында өткізілетін тауарлардан пайдасының салығын төлеуден босатылды. Сонымен бірге экономикалық зонаның әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымына, мәдениет пен білімге, зонаның халқына медициналық қызмет көрсетуге бағытталған пайданың жартысын салықтан босатылады. Бәсеке болатын тауарлар шығаратын ұлттық кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұтымдар льготалық салық төлеуді пайдалана алады.

Осы мақсаттағы шетелдік капиталды тарту мақсатында экономиканың басым секторлары критеріесі бойынша нормативтік актілер пакеті қабылданды. Бұл заңдардың қабылдануы тауарлар өндірісіні дамуының жеделдігін, экономикалық басым секторларында қызмет көрсетуді және қолайлы инвестициялық климаты құруды қамтамасыз етудің құралы ретінде есептелді. Мемлекеттік қолдау инвестициялық қызметті қамтамасыз ететін кепілдіктерден, ҚР-сын инвесторлар алдында өкілдік ететін мемлекеттік органның болуын және жеңілдіктер мен преференциялар жүйесінен тұрады.

Инвесторлармен жасалатын контрактіде мемлекет атынан өкілдік ететін орган ҚР-ның инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет (кейін ҚР-сы инвестициялар жөніндегі агенттігі). Келісімді жасағаннан кейін инвестор "бекітілген инвестор" деп саналып тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңында айтылған ерекше режимді пайдаланады. Бір жылдан кейін 1998 ж. 7 тамызда Комитет №13 "Салық жеңілдіктерін ұсыну процедурасын жетілдіру туралы" қаулы шығарады. Осы қаулының 2 ережесіне сәйкес әр инвестор өзіне жеңілдіктер мен преференциялар беру туралы заявка бере алады. Бұл инвестициялық проект басым секторлар қатарына кіруі тиіс. Тізім инвестициялар жөніндегі ҚР-ның мемлекеттік комитеттің "2000 жылға дейінгі отандық және шетелдік инвестицияларды тартудың маңызды өндірістер тізімі" негізінде анықталады. Тікелей инвестициялардың негізгі капиталға салынудың жалпы көмескі АҚШ-тың 10 млн. долларынан аспауы тиіс.

Тікелей инвестицияларды тартудың маңызды өндірістер тізіміне: өндірістік инфрақұрылым (темір жол, газ құбырлары: телекоммуникация т.б.), өндіруші өндіріс (киім шығару, жиһаз жасау), Астана қаласының объектілері, үй, әлеуметтік және туризм аясының объектілері (білім беру, денсаулық сақтау, спорт, демалыс объектілері), ауыл шаруашылығы (жоғарғы сапалы мәдени өнімдер шығару, малдың ең жақсы тұқымын шығару т.б.). Бұл тізім экономиканың қажеттіліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Мемлекет экономикасында ерекше рольге ие портфельді инвестицияларды және осы саоаны реттейтін – бағалы қағаз нарығы туралы заңдарды атап өту керек. Өйткені инвестициялық қатынастар дамуы үшін бағалы қағаз нарығы ақша қорларын мемлекет ішінде шоғырландырмен бірге мемлекеттік жерде оны қайта инвестициялау институты ретінде дұрыс әрекет етуі тиіс. Нарықтық қордың дамуы республикадағы экономикалық жағдайға тікелей байланысты. Осы аядағы мемлекет саясаты инвестициялық

ресурстарды өндірістің жаңартылуы үшін бағытталуы керек. Жоғарыда аталаға мақсаттарда орындау механизмдері ретінде келесілерді атауға болады: инвестицияларды тарту мен бағалы қағаз нарығын реттеу саласында нормативтік актілер мен заңдар шығару, Ұлттық Банк пен коммерциялық банктердің проценттік ставкалары, мемлекеттік бағалы қағаздардың пайдалылығы.

Қазіргі уақтықа дейін Қазақстанның көптеген ұйымдарының техникасы және өнідірісі күш жағынан әлі де тиісті жетілдірілмеген.

Нарықты өнеркәсіптік, транспорттық және аграрлық өндірістердің акцияларымен толтыру, инвестициялық салықтары жөнінде ең жақсы бағалы қағаздарды таңдау, материалдық өндіріс саласына реалды капиталдардың ағымы - өркениетті мемлекеттерде қаржылық рыноктардың билік жүйесін құру болып табылады. Бірақ Қазақстанда Экономиканы приватизациялау және оның инвестициялық мүмкіншіліктерін өсмірткіздіру процесстері конкуренттік бастамалардың дамуымен және өнідірістің демонополизациясымен синхронизацияланбайды – привати-зацияланған өндірістер, бұрынғыдай, негізгі массада, монопольді болып отыр. Яғни, бұл өндірістік технологияларының жақсаруын және оның басқару мен жоғарлату, жаңа технологияларының тез дамуын, негізігі фондтардың жаңарылуын күткіздірмейді.

Құқықтық нормалар бір-біріне қабаттануда. Оларда көптеген қайталанушылықты, байланыспаушылықты, проблемаларды табуға болады. Бұның барлығы тез уақыт арадағы ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерін жүйелендіруге байланысты жұмыстарды күшейтуге, тез арадағы нормативтік реагированиялауды және заңнаманың тура болуын талап етеді. Жүйелендіру ең біріншіден, нормативтік-құқықтық актілер жүйесінің бірқалыпта болуына бағытталуы тиіс, бірақ осы жүйелендіру арқылы тек қана бар нормаларды тәртіпке келтіру ғана емес, заңнамаларды жаңартуды да (кодекс немесе басқа кодификациялық акт шығару) жүзеге асырылуы тиіс.

Юридикалық және экономикалық әдебиеттердегі инвестиция түсінігі жөніндегі сұрақтар бір рет ғана емес қарастырылған. Бірақ ғылыми құқықтанушылардың ойлары бір пікірге келмей, кейбір кездерде анықталған категорияға қарсы болып айтылады. Мұндай қарсылықты талудаулар негізделген, бірақ біздің көзқарасымыз бойынша инвестицияның түсінігі қиындатылған және көп жақтылы болып келеді.

Капиталды өндірістің факторы ретінде анықтап, экономистер өндірістің негіздерімен (немесе нәтижелерімен) ұқсатады. Мұндай негіз саяси экономиканың классиктерінен келген: А.Смит капиталды жинақталған еңбек ретінде қарастырады, Д.Рикардо капитал – бұл өндірістің заттары деп ойлайды. Капитал ұзақ пайдаланудың игіліктерінен тұрады, олар басқа тауарларды өндіру үшін экономика жүйесімен пайда болған. Бұл игіліктерге сансыз станоктар, құралдарды, үйлерді және т.б. жатқызамыз. Олар капиталды мына бөлулерге бөлуді ұсынады: - бұйрылған немесе өндіріс құралдарын сатып алуға құртылған заттар; қайта ауыспалы – жұмыс күшін тұрақтауға бар жатқан; айналымды – бұл өндірістің құралы ретінде салыстыра қолда бар ақшаға жеңіл айналдыруды көрсетеді. Мысалы: несие берушілік мекемелердің счеттарымен кассаларындағы ақша, бағалы қағаздар, дебиторлық қағаздар, дайын өнімнің запастарымен бітпеген өндіріс, материалдар және т.б. Сондықтан осы параграфта (бөлімде) инвестициялық құқық түсінігінің категориалды анықтамаларына тоқталуды жөн көреміз.

Диалектика заңдары бойынша, тану – ол тірі созерцаниядан абстрактілі ойлануға және одан тәжірибеге бара жатқан процесс. Категориалды түсініктер арқылы танудың түспелі қимылдары қамтамасыз етіледі: толық түрде ойлау объектісін, олардың ғылыми түсініктерін шығарудағы бөлек негізгі жақтарын тану. Ойлауда пайда болған түсініктердің ақиқаттылығы, зерттеушілі заттармен құбылыстардың негізіне жетуге, олардың қалыптасуымен реалды функционированиясының әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Категориялар, әрине біруақытта шындықтың көрінісімен оның өзгеруінің идеалды формасы болып келеді. Бұл жағдайды қысқа түрде былай құруға болады: шындық теориялық тануда көрінеді, ал теория өмірге айналады.

Тәртіп бойынша, қоғамның әр даму кезеңіне белгілі бір өндірістік қатынастардың түрі жатады және осыдан белгілі бір экономикалық категориялардың түрінің болуы анықталынады. Соңғылары сол немесе басқа да құбылыстың негізін, тек олардың осы берілген абстракцияны тудырған белгілі болған жағдайлармен шекелген байланыста болу негізінде ғана айқындалады. Өндірістік қатынастардың өзгеруімен экономикалық категорияларда өзгереді. Категориялардың негізгі белгісі ретінде оларды, нақтыланған – тарихи мінезі болып табылады. Олар оның сол немесе басқа құбылыстық негізін, тек оның осы берілген абстрактілі тудырған нақты жағдайлармен шектелген байланыста болумен ғана айқындайды. Бұрынғы меншік түрінің өзгеру процесінде, Псономикалық реформалардың біртіндеп жылжуы экономика нарығының эффективті (қолайлы) механизмдер құруы,

бірінші орынға жаңа категорияларды шығарады, басқалары көлеңкенің артында кетіп, үшіншілері жаңа әлеуметтік-экономикалық мазмұнмен толықтырылып жатыр.

Екі жақты келісімдегі тағы бір кепілдің түрі ол құқықтық кепіл болып табылады. Мұнда құқықтық кепіл келісім бойынша әрекеттер тоқтағаннан кейін 10-15 жыл бойы құқықтық кепіл күшін жоймайды.

Сонымен екі жақты келісімнің ролі зор болады. Шетелді инвестицияларды реттеу кезінде кейбір жағдайда сауда шарттарының реттеу пәні болу мүмкін және халықаралық экономикалық шарттың, салық салу шарттарының да пәні болу мүмкін.

Қорыта келгенде екі жақты келісі, яғни шетелдік инвестицияларды қорғау және қолдау жөніндегі екі жақты келісім Қазақстан Республикасы үшін маңызы зор болып келеді. Өйткені осы инвестициялау шарты бойынша инвесторға көптеген жеңілдіктер, кепілдер көрсету арқылы бір Қазақстан Республикасына шетел инвестицияларды тартамыз.